

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ

БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ ЗАҢ ИНСТИТУТЫ

Б. Ғ. НҰРМАҒАМБЕТОВ
Е. М. БАЙМҰХАНОВ

ИСЛАМ ЖӘНЕ ИСЛАМ ФУНДАМЕНТАЛИЗМІ

ҚАРАҒАНДЫ 2010

Пікір жазғандар:

Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің философия және мәдениет теориясы кафедрасының профессоры, ф. ғ. к. ***О. А. Айтбаев***

Қазақстан Республикасы ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды заң институтының философия және ӘӘП кафедрасының профессоры, ф. ғ. д, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері ***Н. Е. Елікбаев***

Оқу құралына ислам және ислам фундаментализмі тарихы мен негізгі ұғымдары туралы мағлұматтар енді. Соңғы жылдары әр түрлі басылым беттерінде мұсылман фундаменталистері деген түсінік қалыптаса бастады. Бұл исламды саясатпен байланыстырудан туған ынта. Сондықтан аталған оқу құралында ислам әлемі және ислам фундаментализмі мәнін авторлар дұрыс түсіндіруге мүмкіндік жасайды.

КІРІСПЕ

XX – XXI ғасыр әлемдік діндерге үлкен сыни кезең болды деп айтуға болады. Олай дейтін себебіміз дін ежелгі кезеңнен бастап, тек құдайға деген құлшылық емес, сонымен қатар саяси идеологияның ажырамас бір бөлігі. Соңғы кездері әлемдік діндердің бірі ислам дініне деген әлем жұртшылығында әр түрлі көзқарас қалыптасуда. Соның бірі Қазақстан аумағын алатын болсақ елдің негізгі тұрғындары қазақтар Ислам дінін алғашқылардың бірі болып қабылдаған ел, бірақ та елімізде Ислам діні салт-дәстүрмен біте қайнасып, әдет-ғұрыпқа сіңісіп, діннің өзіне жаңа мазмұн бергенін біз айқын аңға Рамыз. Қазақтар ата-баба дінін ұстанғанмен діннің ешқандай фанатигі болған емес. Бірақ та дін отан, ел деген ұғымдармен сәйкес келеді. Бірінші мыңжылдықтың соңғы ғасыры біздің дәстүрлі дініміз үшін қиын кезең болды. Кеңес үкіметі тұсында атеистік көзқарас қалыптасып, дәстүрлі діндердің бәрі жоққа шығарылды. Сонда да ата-бабаларымыз Аллаға құлшылық етуін, қылышынан қан тамып тұрған кезеңнің өзінде де мінәжаттарын орындап отырды. Бұның өзі жоғарыда аталып кеткендей Исламға жан-тәнімен берілмесе де, Аллаға деген құлшылық жасауын парыз деп ұққандар да аз болған жоқ.

Жаңа ғасыр әлем жұртшылығына көптеген өзгерістер әкелген ғасыр деп те айтуға болады. Бұл ғасыр жаһандану ғасыры, әлемдік интеграция ғасыры деп айтсақ қателеспейміз. Осы кезеңде Ислам дінін агрессивті, қатігез, басқа да әлемдік діндерге ала көзбен қарайтын дін деген тұжырымдар батыс елдерінің зерттеушілерінің өзекті әңгімесіне айналды. Олардың ішінде осы мәселеге алғышарттар енгізген Хантингтон, Мангейм т.б ойшылдарды атап өтуге болады.

Исламның жаңа кезеңдегі даму барысында әр түрлі желеулер қосыла бастады. Солардың ішінде «Ислам фундаментализмі», «Ислам экстремизмі», «Исламдағы радикалдық топтар» т. б.

Дін технократиялық қоғамдардың өзінде де басты маңызға ие бола бастады. Діннің өзі саясатпен кең ауқымды астасқан жағдайда қоғам, тіпті мемлекеттердің жойылып кетуіне қауіп

төнгенін күнделікті ақпарат құралдарынан көруге болады. Мәселен Судан, Самали, Алжир, Ауғанстан және т. б. елдер. Бұл мәселенің басты себебі бұл дінге байланысты уағыздаушылардың Құранға байланысты әр түрлі түсініктер мен мазмұн беруі. Ал кейбір жағдайларда өзінің саяси астары бар мақсатына жету үшін дінді құрал ретінде пайдалану адамзатты тығырыққа тіреп отырған күрделі мәселелердің бірі.

Қазақстан құрылымы бойынша көп ұлтты, әр түрлі діни конфессиялар мекен еткен мемлекет болып табылады. Еліміз өз құрылымы бойынша зайырлы мемлекет, сондықтан ұлттың және діни факторлардың әсері мен қарым-қатынасы дұрыс болғаны жүргізіп отырған салиқалы саясатымыздың негізі болып табылады. Осыған дәлел ретінде біздің елде азаматтардың сенім-нанымына және діни дәстүрлерді орындауға заң бостандық және кепілдік береді.

Соңғы жылдардағы әлемдегі оның ішінде Орта Азия мен Қазақстандағы дінге байланысты жағдайлар туралы әр түрлі Бұқаралық ақпарат құралдарында мәлімдеме мен мақалалар жариялануда. Бұл мақалалардың мазмұны бұрынғы КСРО елдерінде белең алған «Ислам фундаментализмі» жайында болып отыр.

Ислам фундаментализмінің атын жамылып террорлық әдіс-тәсілдерге сүйенген халықаралық ұйымдар қауіпі көрінуде. Сол себепті көп мемлекеттер біріккен шаралар ойластыруда. Ресейдегі, Тәжікстандағы, Өзбекстандағы, Қырғызстандағы болып жатқан жағдайлар бізді дүниежүзілік іс-тәжірбиені пайдалануға шақырады. Кейбір авторлардың еңбектерінде жалпылай теориялық Ислам фундаментализмінің аспектілері қаралған. Сондықтан, біз бұл зерттеулерді терең зерттеп, Ислам фундаментализмінің тарихын, мақсаты, негізін салушыларға ой жүгірткенді жөн санап отырмыз.

Біздің елімізде Ата заңымызда бекітілгендей: Республика азаматының ар-намысына кепілдік беріледі және дінге деген өз көзқарасын білдіруге әртүрлі діндердің біреуін таңдап алуға немесе ешқандай дінге сенбеуге, дінге деген өз ой-пікірін тартуға және бағытымен байланысты қимыл жасауға кепілдік берілген.

Қазақстан Республикасының Конституциясында Қазақстан өзін зайырлы мемлекет деп жариялаған. Біздің қоғамда басты құндылық болып адам саналады, оның өмірі, ар-ожданы, құқығы мен бостандығы болып табылады. Ар-намыс еркіндігі де осы құқыққа кіреді: бұл бостандық конституцияға қайшы келсе, басқа азаматтардың құқығы мен бостандығына кереғар болса және қоғамдық тәртіпті бұзса Ата заңымызда көрсетілгендей заңмен шектеледі.

Біз осы жағдайларды алдыға ала отырып, Қазақстанның діни құрлымына келетін болсақ, еліміз өз құрылымы бойынша дәстүрлі Ислам дінінің тараған жері болып табылады. Ислам дінінің ағымына келетін болсақ біз суннит ағымының Ханифит бағытына жатамыз. Қазақстан халқының жартысынан көбісі Ислам дінін тұтынады.

Қазақстанда әртүрлі мұсылман елдерінен келген миссионерлер бар. Мысалы: Сауд Арабиясы, Пәкістан, Түркия т. б. Шет елдік миссионерлердің жұмыстары біздің заңға қайшы келмесе де, ол өзінің артында әртүрлі кереғар пікір туғызуда. Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің мамандарының айтуы бойынша: «Біздің елге шет елден келген уағыздаушылар мен миссионерлер қаптап кеткен, олардың мақсаты өз діни-мистикалық ілімдерін тарату».

Бұл үгіт-насихатты тарату этно-діни шиеленістердің ушығуына әкеп соғуы мүмкін. Олардың біздің елге кіруі, елдегі қоғамдық келісімді бұзуы мүмкін.

Жоғарыда айтылғандарды сараптай келіп: «Ислам фундаментализмі» мәселелері өз өзектілігін көрсетеді және қазіргі әлемдегі шиеленістерге қарап отырып біз «Ислам фундаментализмі» мәселесі глобалды проблемаға айналғанын байқаймыз. Осыдан халықтың әртүрлі кереғар пікірлері тууы мүмкін. Сондықтан бұл пікірлерге сын айтып бұл проблеманың қазіргі саяси процесстегі өзектілігі мен қызығушылығына тоқталуымыз керек.

Сондықтан біз осы оқу құрал арқылы қауымға, тыңдаушыларға, жастарға Ислам дінінің тарихын, оның қағидаттарын сонымен бірге ағымдарға, бағыттарға анықтама бергенді жөн көрдік. Әрине аз ғана оқу көшінде толықтай Ислам әлемін са-

ралау мүмкін емес. Бірақ та біз басты толғандырып отырған негізгі мәселелерге тоқталуды жөн көрдік.

1. ИСЛАМ ДІНІ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Ислам (арабшадан аударғанда-«тыңдау», «мойынсұну», «бағыну») әлемдік діндер қатарындағы ең жас дін: ол б. з. VII ғ. басында пайда болды. Бүгінгі күні ислам дінін ұстанушылар 1 млрд-қа жетті, ол жер бетіндегі 19,5 % қамтиды. XX ғасырдың аяғында мұсылмандар саны 5,5 есе артты.

Исламның негізін салушы аса әйгілі тұлға — Мұхаммед пайғамбар (570-632 ж.ж.). Ислам дініндегі сенім бойынша, бұл пайымдауды шынайы қабылдамау керек, өйткені алғашқы мұсылмандар Адам ата мен Хауа ана болды, ал ислам дінін таратушылар Адам атадан Мұхаммедке дейінгі пайғамбарлар болды. Сондықтан Мұхаммед пайғамбар исламның негізін салушығана емес, Аллаға шынайы сенімді қалпына келтірген соңғы хабарын таратушы.

Алланың елшісін еске алғанда, ереже бойынша «Алланың нұры мен ықыласы онымен бірге болсын» немесе «Оны Алла қолдасын және нұрын төксін» деген сөздер қосылып айтылады. Мәтінде Мұхаммед пайғамбар атынан кейін жақша ішінде осы тіркес немесе оның қысқартылған түрі жазылады. Мұхаммед «пайғамбарлар мөрі» болып табылады, яғни одан кейін Алла басқа пайғамбарларды елшілікке жібермеген.

Исламдағы иманның айтылуы мына сөздермен бекітіледі: «Ла иллаһи ил-ла лаһ Мухаммадур Расул Аллаһ» (Алладан басқа құдай жоқ, Мұхаммед-оның елшісі). Бұл сөздер Калима деп аталады, оны айту адамның мұсылман болғандығын танытады (осы кезде адамның басы Мекке жаққа қарап тұруы керек). Осыдан кейін ол муһмин (мұсылман) болады.

Исламда қасиетті кітаптар үшеу: Құран, Сунна және Шариғат.

Исламның басты қасиетті кітабы арабша жазылған Құран болып табылады. Құран (арабша-оқу) — арабтардың діни-әдеби ескерткіші. Ол Шығыс халықтарының рухани және қоғамдық дамуына әсерінің ауқымы жағынан Құран бүкіл адамзаттың мәдени мұрасына жатады. Құранда догмат, табыну

және жоралар, моральдық нұсқаулар, құқықтық және тұрмыстық тәртіп мәселелері қамтылған. Ол 114 сүреден (тараудан) тұрады, сүрелер 6204-тен 6236-ға дейін (әр түрлі нұсқасына байланысты) аяттарды қамтиды. (Аят-өлең, нақыл сөз). Құран-қасиетті және Алланың нұры жауған кітап болып табылады, оны Алла тағала пайғамбар арқылы адамдарға 23 жыл бойы жіберіп отырған. Құран Мұхаммедтің тірі кезінде жинақталмай, ауызша тараған. Құран канондық жазба кітап ретінде алғаш рет Мұхаммед дүние салған соң, үшінші халифат Осман тұсында пайда болды (Осман Құраны). Оның басқа тілдерге аударылуы қуатталады, құдайлық іс деп саналады, алайда мұсылманға оны оқымау керектігі ескертіледі, өйткені Құранның тек араб тіліндегі мәтіні ғана қасиетті деп есептелінеді. Құранның XII-XIII ғғ. Ферғаналық мұсылман басшыларының рұхсатымен жасалған көне түркі тіліне аудармасы алғашқы аудармаларының бірі болып саналады.

Құранда діни кітаптар ретінде Таурат (ал-Китаб) [иудейлер мен христиандар Құранда «жазу адамдары» деп аталады], сондай-ақ Таураттың жекелеген кітаптары: ат-Таурат (Тора-Мұса пайғамбардың бес жазбасы), аз-Забур (Дәуіт пайғамбар жазбалары), ал Інжіл (Евангелие) аталады, алайда діни беделі жағынан олар Құранға жете алмайды. Жазбалардың бір бөлігі ұмытылған, бұрмаланған, жасырылған деп есептелінеді: «... олар сөздердің орнын ауыстырып (басқаша қойып) бұрмаланған. Олар өздеріне ескертілген бөліктерді ұмытқан... О, жазба иелері! Сендерге біздің елшіміз сіздердің жазуда жасырып қалғандарыңды және көп нәрсенің жанынан өтіп кеткендеріңді түсіндіруге келді». [Құран, 5, 16-18 (13-15)]. Мұсылман уағыздарының көбісі бұл кітаптардың қолда бар мәтіндері бұрмаланған, ал жоғалған шын нұсқалары қасиетті еді деген пікірді ұстанады.

Құраннан кейінгі екінші маңызы бар кітап Сунна (арабша-жол,өнеге,үлгі) болып табылады. Исламда Суннаның пайда болуын халифатта мемлекеттік, әлеуметтік және жеке қатынастарды реттеп отыруға Құранда бар нұсқаулардың жеткіліксіз болғандығымен түсіндіреді.

Мұсылмандар үшін сенімнің (иманның) бұдан басқа маңызды көзі сүннет-исламның қасиетті жазбалары, Мұхаммед пайғамбардың іс-әрекеті және айтқан сөздері туралы баяндалатын әңгімелер (хадистер) болып табылады. Сүннеттің исламдық уағызы мына сөздермен анықталады: «Қасиетті Мұхаммед пайғамбар айтқан сөз не істеген іс не растаған мәлімет».

Құранның және сүннеттің негізінде Исламның «Бес парызы» анықталған:

1. Алланың және оның пайғамбары Мұхаммедтің жалғыз және бар екендігіне сену (тавхид).
2. Күн сайын бес рет сиыну (намаз).
3. Қайыр-садақа беру (зекет).
4. Жыл сайын бір айлық ораза ұстау.
5. Меккеге қажылық сапарға бару «онда баратын жолды таба алатындарға».

Намаз қатаң түрде белгіленген уақытта оқылады, айрықша тақуалық намаз түнгі намаз болып саналады. Жұма күнгі бесін намазды мешітте оқу ұсынылады. Намаз оқу алдында мұсылман діни салты бойынша намазға жығылушы жуынады - «вуду» (жартылай жуыну) немесе «ғұсыл» (толық жуыну). Су жетпеген жағдайда немесе ауырғанына байланысты, оны пайдалану мүмкін болмаған жағдайда «жуынуды» таза топырақпен жасайды (тайаммум). Жуыну сондай-ақ әрбір табиғи қажеттілігін өтеген соң жүргізілуі қажет.

Ислам - гигиена талаптарына діни мағына және салт-жоралғылық міндет берген аз діндердің бірі екенін атап көрсету керек. «О, дінге сенушілер! Намазға тұрар алдында беттеріңізді және қолдарыңызды шынтакқа шейін жуындар, бастарыңды және аяқтарыңды тобыққа дейін сипандар» [Құран,5,8 (6)].

Қайыр-садақа беру әрбір дінге сенушінің діни міндеті болып табылады. Мұсылмандық уағызда көрсетілгендей, зекет-қайырымдылық, мейірімді іс, ресми салық, ерікті құрбандық және т. б. Зекет осы аталғандардың бәріне және Аллаға сенімді нығайтады, рухани және адамгершілік тұрғысынан дәлелдейді. Зекет мұсылманның барлық меншігінің нақты құнының немесе оның таза пайдасының 2,5 %-ын құрайды.

Рамазан айында ораза ұстау таң атқаннан күн батқанға дейін, яғни жарық күннің өне бойында тамақ ішуден, судан, шылым шегуден, жыныстық қатынастан толық тыйылуды білдіреді. Ораза мұсылманның рухани тазаруын, табиғи қажеттіліктен өзін шектеу қабілетін арттыруға мүмкіндік береді.

Кейде «діни парыз» болып Исламда жиһад та саналады, оның бір формасы газуат-кәпірлерге қарсы қасиетті соғыс: «Алла жолында сендерге қарсы соғысушыларға қарсы соғысындар, бірақ шектен шықпаңдар, Алла шектен шыққандарды ұнатпайды» [Құран, 2; 186 (190)].

Алайда, жиһадты соғысқа ғана телуге болмайды. Мұхаммед пайғамбар былай жазды: «Маджеһад-Алланы тыңдауға өзін-өзі жиһад жасайтын адам, ал мухаджир-барлық зұлымдықтар мен күнәдан қашық жүретін адам». IX ғ. өзінде ислам догматикасында жиһадтың бес түрлі ұғымы бекітілген:

1) жоғары түрі-рухани жиһад-Алла жолына өзін-өзі іштей жетілдіру.

2) қылыш жиһады-кәпірлерге қарсы қарулы күрес, өлгендерге жұмақта мәңгілік орын белгіленген;

3) жүрек жиһады-өзінің нәпсі құмарлығымен күрес;

4) тіл жиһады-жағымды іс істеу, ұят істерден бас тарту;

5) қол жиһады-қылмыскерлер мен адамгершілікке жат әрекет жасаушыларға қарсы тәртіп шараларын қолдану.

«Иман парызы» Исламның негізгі қағидаларымен толықтырылады:

1. Жалғанды жаратушы Құдайдың жалғыздығына сену.

2. Оның періштелеріне сену.

3. Құранның салыстырмалы беделі.

4. Оның пайғамбарларына сену (алғашқы пайғамбар-Адам-ата, соңғысы Мұхаммед).

5. Ақырзаманға және жауап беретін күн болатынына сену.

6. Оны мейірімді және зұлым күштің алдын ала анықтайтынына сену.

Негізгі иман бой ұсыну, Аллаға табыну, Алланың жалғыздығына иман келтіру болып табылады. Аллаға басқа жолдас қосу немесе басқаға бас иу «ширк» деп аталып, пұтқа табыну-

шылықтың, Аллаға күмән келтірудің көрінісі ретінде қарастырылады.

Құранда Исламның 25 пайғамбарының аты аталады, соның ішінде Иса (Иисус Христос) да бар. Алла 124 мың пайғамбар жіберген, олардың 300-і елші деп есептелді. Алайда, оның алдындағы пайғамбарлар Ислам туралы ілімді бұрмалаған, сондықтан Мұхаммед пайғамбар Исламның соңғы және шынайы хабаршысы болып табылады. Пайғамбарларды еске алғанда «Алланың дұғасы және оның амандығы», немесе «Олардың бәріне дұға және Алланың нұры жаусын», «Олардың жанында тыныштық болсын» деген салт сөздері айтылады. Ислам «ақырзаман» сөзсіз боларына сендіреді, бірақ оның болатын мерзімі тек бір Аллаға аян. Ақыр заман болған соң барлық қайтыс болғандар Құдайдың ең соңғы әділ сотында жауап беру үшін тіріледі, онда Алла әрбір адамның барлық істері мен қылықтарын, тіпті ойларын қарастырып, құндылығына қарай бағалайды: Сенім бастамасы Алланың адамның барлық істері мен қылықтарын білетінін білдіреді. Алайда бұл шынайы Ислам келтірушінің фатализмге, өзінің барлық іс-әрекетін Аллаға «бағытталуына» әкелмеуі керек. Әрбір мұсылман өз іс-әрекетіне өзі жауап береді. Ислам христиан дініне қарағанда, әрбір адам күнәдан пәк болып туады және туғаннан бастап қайырымдылыққа бейім, ізгі ниетті бола алады; егер ол Құранда жазылған Алланың көрсеткен жолын орындаса, кейінгі өмірінде жұмақ рахатын сезінетін болады. Бірақ бұл үшін ол өзінің иманын ісі арқылы дәлелдеуі керек деп уағыздайды.

Исламда адамның барлық өмірін туған кезінен өлгенге дейін нормаға сай ретке келтіру деген бар. Бұл реттеу шарифаттың көмегімен жүзеге асырылады. Шарифат мұсылманның заң нормаларының, адамгершілік қағидаларының және мінез-құлық ережелерінің жиынтығы. Шарифаттың басты бөлімдері Құран мен Сүннет болып табылады, ол Сахаба (пайғамбар ісін жалғастырушы) пайымдауларымен, діни беделді адамдар шығармаларымен, олардың фикха (мұсылмандар заңдары) бойынша еңбектері мен шарифат сотының тәжірибесімен толықтырылған.

Шариғат заңның әрбір нормасын ең ұсақ жағдайларға шейін бөлшектеп көрсетеді. Мәселен, тамақтану ережесі бар, ол бойынша өлексе аңдар мен құстардың, шошқаның етін жеуге болмайды, сондай-ақ сойған кезде Аллаға дұға бағышталмаған болса, ол басқа құдайға бағышталса, ондай малдың да етін жеуге болмайды. Ереже бойынша жуыну ережелері, намаз оқу ережелері, ораза ұстау ережелері және т. б. бар. Шариғатта қылмыстық және азаматтық құқық пен іс жүйесі нақты талдап көрсетілген.

Мұсылманның барлық мүлікті іс-әрекеті шариғат бойынша бес түрге бөлінеді:

- 1) парыз-қатал міндетті, алдын-ала белгіленген әрекет;
- 2) мандуб-жасауға болатын, бірақ міндетті емес әрекет;
- 3) харам-жасауға ақыл-таңыл болмайтын әрекет;
- 4) макрук-тыйым салынбаған, бірақ жасауға болмайтын әрекет;
- 5) мубах-Ислам үшін бейтарап іс-әрекет.

Басқа діндердің заң ұстанымдарына қарағанда шариғат өмір жағдайларын ескереді, сондықтан заң салыстырмалы сипатқа ие емес. Мысалы, екіқабат әйелдер ораза айында міндетті ораза ұстаудан босатылады және ол басқа кезде ораза ұстай алады. Оразаны байқамай бұзу заң бұзушылық емес. Мұсылман өте аш болса не басқа мәжбүр жағдайда болса, тыйым салынған тағамды жеуіне болады: «Егер адам арсыз не қылмыскер болмаса, мәжбүр болған жағдайда-ол күнә емес: Алла кешірімшіл, мейірімді ғой!» (Құран, 2: 168).

Ислам мемлекеттеріндегі азаматтық қоғам ислам қауымдастығымен (умма) сәйкес келеді, ол шариғат нормаларының сақталуын бақылайды: «...сіздердің араларыңызда қайырымдылыққа шақыратын, рұқсат етілгендерді жасауға бұйрық беретін және рұқсат етілмегендерден тыйатын қауым болсын.

Олар-бақыттылар» [Құран, 3; 100(104)]. Сондықтан да шариғаттың маңызды қайнар көзі иджма екендігі тегін емес. Иджма-дінге сенушілердің барлық қауымдастығының Құранда және Сүннетте тікелей шешімі жоқ, дінге, құқыққа және қоғамдық өмірге қатысты мәселелерді шешуге арналған келісілген пікірі.

2. МҰХАММЕД ИСЛАМНЫҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ

Ол Ахмад б. Абд аллах (570- 632 шамасында) хашим руынан және кұрайш ру-тайпалық тобынан, ислам дінінің және мұсылмандардың алғашқы қауымдастығының негізін салушы. Мұсылмандардың түсінігі бойынша, Алланың пайғамбары және оның елшісі, ол арқылы адамдарға кұран жіберілген.

Меккеде аса бай емес, бірақ Мекке ақсүйегіне жақын туыстығы бар жанұяда дүниеге келді. Оның әкесі сауда сапары кезінде Мұхаммед тумай тұрып қайтыс болады, шешесі бірнеше жылдан соң дүниеден өтеді. Мұхаммед Абдал Мутгалб атты атасының қолында тәрбиеленді. Жас кезінен бастап ол керуен сауданың жөн-жосығын білді, кейде сауда сапарына қатысты. Мұхаммед Меккеде бай жесір әйел Хадишаға (Хадиджи бинт Хувайлитке) сауда ісін жүргізуші боп жалданады, кейін оған 25 жасында үйленеді. Хадиша тірі тұрғанда ол басқа әйел алмады. Ол жас кезінде шетінеп кеткен Қасым атты бір ер бала, сонымен қатар 4 қызы болды: Рукайу, Умм Кулсум, Зайнаб және Фатима.

Мұхаммед жалғыздықты және тақуалық ой толғауды жақсы көрді, көбіне, Меккемен көрші тұрған тауларға кетіп қалатын. Иудаизм мен христиандық негіздеріменде таныс болды, Арабиялық монотоеист-халифтер ілімдерінің негізін оқып білді. Мұхаммед 40 жасқа толғанда, оның оқшауланған бір сәтінде оған аян берілді, оған сырттан сөздер естілді, кейін оның сөздерінен еске түсіру арқылы мұсылмандардың қасиетті кітабы — Құран кұрастырылды.

Алғашында Мұхаммед «аян» беріле бастағанынан қорыққан болатын, кейін жаратушының елшісі (расул) және пайғамбар (нәби) ретінде, құдай сөзін адамдарға жеткізу үшін сайланғандығына көзі жетті. Мұхаммедтің өз айналасындағыларға жеткізуге тырысқан алғашқы «аяны» жалғыз және бір құдай Алланың құдыреттілігін жариялады. Араб жерінде көпкұдайлықтың таралуын теріске шығарды, өлгендер тірілетіні тура-

лы, жазалау күні және Аллаға сенбегендер тозақ отында жазаланатыны туралы ескертеді.

Мұхаммед уағыздары Меккеде күлкі етілді, алайда бірте-бірте оның айналасына оны жақтаушылар, бір бөлігі ақ сүйектерден, бір бөлігі Мекке қоғамының төменгі қатарларынан болды. Мекке билеушілері Мұхаммедті жақтаған мұсылмандарды қудалай және ығыстыра бастады. Мұхаммедтің өзі өз руының және оның басшысы Әбу-Талібтің қорғауында болды, көптеген мұсылмандар қуғыннан қашып, Меккеден Эфиопияға қоныс аударды. Алланың тікелей сөзін беретін Мұхаммедтің уағыздары бұл кезде Алланың бәрінен құдіреттілігін, оның ұлылығын, адамның толық оған бағыныштылығын, көбіне Рахымды (Рахман) деп атай отырып дәлелдеді. Сөйте тұра Мұхаммед өз таңдаушыларын өткен замандардағы пайғамбарлар туралы танымал тарихқа қызықтырды. Құран Мұхаммедтің пайғамбарлығын-белгілі құбылыс ретінде және пайғамбарға мойынұсынбаған сенбегендер ретінде жазаланатынын көрсетті.

Бір сәтте (618-620 ж аралығында) меккеліктермен келісу мүмкіндігі туды. Мұхаммед сол кезде Меккеде танылған әйел құдайлар- ал-Лат, ал-Уззы және Манаттың Алла кезіндегі айрықша жағдайын мойындауға келіскен болды, ал Меккеліктер – Мұхаммедтің пайғамбарлық ісін және басқа құдайлар ішіндегі Алланың бірінші орнын мойындады. Алайда жаңа ілім –қатаң түрде бір құдайға сиыну сияқты басты қағиданы бұзатын келісім жасалмады, күрес ушыға түсті. Ру басы болған Абу Лахаб Мұхаммедке қорғаушы болудан бас тартты.

Мұхаммед өз жақтастарын Меккеден тыс жерлерден іздеді. Ол өз уағыздарын қалаға сауда ісімен келген адамдарға уағыздады. 620 жыл шамасында ол Меккеден солтүстікке қарай 400 шақырымда орналасқан ірі жер иеленуші оазис — Иасрибтің бір топ тұрғындарымен құпия келісімге келді. Онда тұратын пұтқа табынушы және иудаизмді қабылдаған араб тайпалары ұзаққа созылған және қым-қиғаш алауыздық арасында қалып қойды, одан, араб салты бойынша беделді және әділ сот көмегімен құтылудан үміттенді. Осындай сот ретінде

олар Мұхаммедті оның пайғамбарлық ісін оның беделі ретінде мойындай отырып шақырды.

Әуелі меккелік мұсылмандардың көпшілігі, кейін Мұхаммедтің өзі Иасрибке қоныстанды. Ол онда 12 не 18 раби де, яғни 622 жылдың 24 не 22 қыркүйегінде келді. Осы жылдың алғашқы айынан (ал-мухаррам) бастап, мұсылмандар (Омар I кезінде) жаңа заман жылдарын хижра бойынша санай бастады, яғни Мұхаммедтің Меккеден Иасрибқа қоныс аударған жылынан басталды, кейін Иасриб қаласы Мажинад ан-Наби (Пайғамбар қаласы) немесе жай ғана ал-Мадина (Медина) деп аталды.

Мұхаммед Исламның айрықша рөлі туралы, соңғы пайғамбар — «пайғамбарлар белгісі» ретіндегі өзі туралы, иудейлермен христиандарды жаман діншілер ретінде ашық айта берді. Аллаһтың құдіретін теріске шығарғандардың күнәсін түзетуге шақырды. Сенбіге қарсы мұсылмандардың жаппай дұға оқитын күні ретінде жұма жарияланды, ал- Қабаның қасиеттілігі және оған қажылық сапар жасаудың ең алдыңғы қатарлы мәні көрсетілді.

Мединеде алғашқы мешіт, Мұхаммедтің үйі салынды, мұсылмандық салт-жоралғы негіздері- намаз оқу, жуыну, ораза ұстау, намазға шақыру, тақуалық қажеттіліктерге қаржы жинау, т. б. ережелері бекітілді. Шарап ішуге, шошқа етін жеуге, құмар ойындарын ойнауға тыйым салынды.

Мединалық кезеңнің басынан бастап қауымдастықты біріктіру және кеңейту формаларының бірі дінге сенбейтін меккеліктер мен күрес болды. 623 жылы мұсылмандардың меккелік керуендерге шабуылдары басталды, 624 жылы Бадр өзені жанында Мұхаммед бастаған мұсылмандар меккелік топты жеңді, бұл жеңіс Аллаһтың мұсылмандар жағында екендігі ретінде қабылданды және солай түсіндірілді. 625 жылы Меккеліктер Мединаға барып, Ухут тауының жанында мұсылман әскерлерімен шайқасты. Ұрыста Мұхаммед басынан жеңіл жараланды, мұсылмандар шығынға ұшырады, алайда меккеліктер өз табыстарын нығайта алмай, кері шегінді.

Ішкі мединалық оппозицияның Меккеліктермен тығыз байланыста болуы, оның Мұхаммедтің өміріне қастандық жа-

сауға ұмтылуы және оған бас июден толық бас тартуы шұғыл шара жасауға итермеледі.

Нәтижесінде Мединеден бану кайнука және бану надир сияқты иудей рулары қуылды, бану курайздың көп бөлігі талқандалды, Мұхаммедтің кейбір белсенді қарсыластары мен бәсекелестері өлтірілді. Меккемен шешуші шайқас үшін үлкен күш жинақталады.

628 жылы кейбір көшпелі рулар келіп қосылған үлкен әскер Мекке жаққа жылжыды және ал Худайбий елді мекені жанына, Меккенің қасиетті аймағының шекарасына келіп тоқтады.

Меккеліктер мен мұсылмандардың арасындағы келіссөздер келісіммен аяқталады. Дәл бір жылдан кейін Мұхаммед және оның жақтастары келісім бойынша кіші қажылық сапар (умра) жасайды.

Сол кезеңде Медина қауымдастарының күші нығая бастады. Солтүстік Аравияның бай оазистері Хайбар мен Фадан жаулап алынды, Мұхаммедтің одақтасы болуға рулар үсті-үстіне келіп жатты. Осы жағдайда Меккеліктердің Мұхаммедпен жасырын келіссөздері жалғаса берді, көптеген меккеліктер ашық не жасырын түрде Исламды қабылдады. Осының нәтижесінде 630 жылы Меккеге келген мұсылман әскерлері қалаға кедергісіз келді. Мұхаммед ал`- Ка`баға тәу етті, оны пұтқа табынушылардан тазартты. Мұхаммед, Мединеде тұра берді, тек бір күні (632 жылы) қоштасу деп аталатын сапарын ғана жасады. Меккедегі жеңіс Мұхаммедтің өзіне сенімділігін нығайтты және оның Араб еліндегі саяси және діни беделін көтерді. Ол Аравияның әр түрлі патшалары мен көсемдеріне, Аравиямен шектесетін Византия мен Иранның билеушілеріне Исламды қабылдауды ұсынып елшілер жіберді. Меккелік әскери топтар Солтүстік Аравияның жаңа оазистерін жаулап ала берді. Меккеге түбектің әр түрлі рулары мен аймақтарынан өкілдер келе бастады. Келгендердің көбісі Мұхаммедпен одақтасу туралы келісімге келді. 630 жылы Қунайн жанындағы шайқаста мұсылмандар және олардың одақтастары Меккеге жау көшпелі тайпалардың үлкен шабуылын тойтарды. 631- 632 жылдары Аравияның үлкен бөлігі қандайда бір дәрежеде

Мұхаммед басқарған саяси бірлестікке енді. Өмірінің соңғы жылдарында Мұхаммед бұл бірлестіктің мақсатын анықтайды- ол исламды Солтүстікке қарай тарату еді, ол Сирияға әскери экспедиция дайындады. 632 жылы маусым- шілде айларында 60- 63 жасында Мұхаммед қысқа мерзімді аурудан соң күтпеген жерде кенеттен қайтыс болды. Ол уланды деген аңыз бар. Ол Мединенің бас мешітінде (пайғамбар мешітінде) жерленді.

Мұхаммед қайтыс болған соң, қауымның Алламен тікелей байланысы үзілді, оны халифтер Құранда айтылған және Мұхаммед өсиет еткен заңдар мен ережелерді өмірге тарату ісі бойынша пайғамбардың орынбасарлары басқарды. Халифтың қызметіне өз өкілдерін тағайындау үшін, мұсылмандардың әр түрлі топтары бәсекелесе бастады. Бірінші халиф болып Мұхаммедтің жақын әріптесі — Абу- Бакр тағайындалды.

Хадиша қайтыс болған соң Мұхаммед көп әйелмен некелесті. Мұсылмандарға рұқсат етілген әйел алу саны (төрт). Көп жағдайда бұл некелер саяси сипатта болды, Мұхаммед осы арқылы әр түрлі ру-тайпалық топтармен байланысын нығайтты. Мұхаммедтің сүйікті әйелі Аиша Абу- Бакрдың қызы болды. Пайғамбар қайтыс болған соң ол оның өсиеттерін сақтаушы және түсіндіруші ретінде саяси рөлге ие болуға тырысты. Мұхаммедтің ерекше сүйіспеншілігіне бөленген әйелі көптің күні Мария болды, ол оған Ибрахим деген ұл тауып берді, бірақ ұлы сәби кезінде шетінеді және пайғамбар оны қатты аза тұтты. Аңыз бойынша, Мұхаммедтің 11 заңды әйелі болды, ол дүниеден өткенде 9 тірі болатын.

Мұхаммедтің ер бала ұрпағы қалмады. Мұхаммедтің қызы Фатима оның немере ағасы және досы Абу б. Али Талибке тұрмысқа шықты. Оның ұлдарының ұрпақтарынан (Ал- Хасан мен әл-Хусейннен) бүгінгі мұсылман әлемінде «Пайғамбар отбасы» ұрпақтары деп саналатын сан мыңдаған сайидтер мен шарифтер тарады.

Қазіргі заманғы ғылымда Мұхаммедтің шындығында өмір сүргені және әрекет еткені, Құран құрастырылған сөздердің көбін айтқаны, әуелі Меккеде одан кейін Йасрибте мұсылман қауымдастығын құрғаны туралы ортақ пікір бар. Мұхаммедтің өмір жазбаларында (сүре), оның сөздері мен іс қимылы туралы

әңгімелерде (хадистер), құранға берілген түсініктерде (тафсир) т. б. тарихи жағынан шынайы мәліметтер мен қатар, кейін қосылған көптеген қосымша ой пікірлер, аңыздар бар. Осының бәрі қосыла келіп, бүкіл мұсылманға белгілі пайғамбар өмірбаяны құрастырылған.

Ислам Мұхаммедті ешқандай сиқырлы етіп көрсетпейді. Құранда оның басқа адамдар сияқты кәдімгі адам екені бірнеше рет атап көрсетіледі. Сөйте тұра оның бейнесі айналасында сан алуан таңғажайыптар туралы аңыздар шоғырланған. Олардың кейбіреулері Құранның тұспалын дамытады. Мысалы, періштелер жас Мұхаммедтің кеудесін қақ айырып, оның жүрегін алып жуды немесе ол сиқырлы жануар ал-Буракқа мініп, түнде Иерусалимге саяхат жасады және кейін аспанға ұшып кеткені туралы. Мұхаммед жасаған таңғажайыптар туралы бірқатар аңыздар қалыптасты – мысалы, ол тұрғын жерде сауылмайтын қой сүт бере бастайды, аз тамақ көп халықты тамақтандыруға жетеді т. б. Тұтастай алғанда Мұхаммед туралы аңыздарда мұндай материалдар салыстырмалы түрде аз.

Еуропалық мәдениетте Мұхаммед бейнесі алғашында зұлымдық, қатігездік, махаббатқа тойымсыздық туралы әр түрлі айыптаулармен мінеулердің объектісі болды.

Еуропаның ғалымдары мен публицистері Мұхаммедті революционер, реформатор, жалынды саяси көсем және рухты пайғамбар ретінде де иудейлік раввиндердің немесе христиандық монастырдың шәкірті ретінде де таныды. Исламның дін ретінде және саяси жүйе ретінде табысы субъективті және объективті факторлар арасында жүзеге асты. Соңғылардың қатарында бірден-бір маңызды орынды Мұхаммедтің рухты шешен, уағыздаушы, өз ісіне берілген дін таратушысы, ақылды және шебер саясаткер, идеалды өмір шындығымен, дәстүрге адалдықта шешілген жаңалықпен, принципіалды шеберлікпен, «демократизмді» бір үкіметтілікпен, биязылықты қаталдықпен ұштастыра алған тұлға ретіндегі бейнесі алады.

Мұхаммедтің іс-әрекетінің шынайы нәтижесі және өз өміріндегі негізін қалаған пайғамбар және билеуші ретіндегі сол бейне Мұхаммедтің ортағасырлық Шығыс пен Батыс тарихындағы рөлі мен жеке тұлғаның маңыздылығын айқындайды.

3. ИСЛАМДАҒЫ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАР

Исламдағы басты екі бағыт суннизм мен шиизм болып табылады. Сунниттер деп алғашқы төрт халифаны: [Әбу-Бакр (632-634 ж.ж.), Омар (634-644 ж.ж.), Осман (644-656 ж.ж.), Әли (656-661 ж.ж.)] занды деп мойындайтындар аталады: осы билік жүргізген халифалардың аты аталған соң, «оған Алланың шапағаты тие берсін» деген салт сөзі айтылады, сонымен бірге хадистердің беделді жинағының шындығын мойындайтындар, мазхабтардың (мектептердің) біреуінің салттық, тұрмыстық және әлеуметтік ережелерін ұстанатындар сунниттер болып табылады. Мазхабтардың негізгілері: шафиит мектебі (негізін салушы-аш-Шафии, 699-766 ж.ж.), маликит мектебі (негізін салушы Малик ибн-Аннас 708/715-795 ж.ж.), ханафит мектебі (негізін салушы - Әбу Ханафа Нуман 699-767 ж.ж.) және ханбалит мектебі (негізін салушы Ахмад ибн Ханбал, 780-855 ж.ж.). Бұлардың барлығы дұрыс және тең дәрежелі болып есептеледі, алайда нақты мәселелерді шешуде олардың арасында бір-бірінен айырмашылығы бар.

Ханифит мазхабы басқаша ойлайтындарға шыдамдылығымен, жергілікті дәстүрлі құқықты пайдалануымен, құқықтық мәселелерді еркін жеке пайымдау (жұмақ) және Құранмен және Сүннетпен (қияс) балама болатын пайымдауды қолдауымен, қиястан бас тартумен немесе оны өз мақсатына сай емес деп есептегенде түзетуімен (истихсан) ерекшеленеді. Ханафиттар христиандар мен иудейлерге басқа мазхабтарға қарағанда барынша түзу ниетпен қарайды. Қазіргі кезде түркі халықтары мен Үнді түбегінің мұсылмандары арасында тараған.

Шафийа мазхабында қияс пен жұмақтың қолданылуы шеттеулі. Ол Египетте, Оңтүстік-Шығыс Азияда және Кавказда тараған. Мәликит мазхабында ақыл-ой қорытындысын қолдануға рұқсат етіледі, және қияс шектеулі көлемде қолданылады, шешімді қоғамға пайдалылығы негізінде шығару (истислах) қолданылады. Медина халықтарының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері ескеріледі, сонымен бірге әдеттегі құқық пай-

даланылады. Солтүстік және Батыс Африка мұсылмандары арасында тараған.

Ханбалит мазхабы жаңалыққа барынша жаны қастығымен (бида), діндегі пікір бостандығын теріске шығаруымен, шариғаттың дәстүрлік және құқықтық нормаларын сақтауда айрықша қаталдығымен, қиясты қолданудағы шектеумен ерекшелленеді. Алайда, жаңалықтан толық бас тарту мүмкін еместігін айта кету керек, сондықтан ханбалиттер мұсылмандарға телевизор, радио, телефон және т. б. қолдануға рұқсат етеді. Тек Сауд Арабиясында тараған, дегенмен ваххабизм идеясының насихатталуына байланысты соңғы кездері ол басқа елдерде де, соның ішінде Қазақстанда да тарап отыр.

«Ваххабизм» термині бұл діни және қоғамдық-саяси қозғалыстың негізін салушы Мұхаммед ибн Абу әл-Уаһхаб.. (1703/1704-1792 ж.ж.) атынан келіп шыққан. Бұл қозғалысқа осы атауды оның қарсыластары берген, ал жақтаушылары ешқашан бұл терминді пайдаланбайды, өздерін олар «мұсылмандар», «бір құдайға сыйынушылар» деп атайды. Ваххабиттік идеологияның негізінде тавхид қызмет етеді, бұл-бір құдайшылдық қасиеттілерге табынушылықты жоққа шығару және шариғатқа жаңадан енгізілгендердің бәрін теріске шығару. Саудтардың әскеріне арқа сүйенген әл-Уаһхаб өз идеяларын насихаттап қана қойған жоқ, оны іске асырды: қасиетті жерлерді, ертедегі ислам батырларының мазарларын қиратып жойды. Ваххабизмге қосылудан бас тартқан барлық мұсылмандар көпқұдайлылар деп айыпталды, олардың өмірі мен жеке мүлкі шынайы мұсылмандардың (ваххабиттердің) «қол астында» болды, оларға жиһад жарияланды, бұл дирийлердің басып алу соғыстарының сылтауы болды, Нәтижесінде Саудтықтар мемлекеті пайда болды. Қазіргі кезде Сауд Арабиясында аль Ваххаба идеологиясы Исламның ресми тірегі болып табылады. Әйтсе де, соңғы көпқұдайлыққа деген көзқарас барынша өркениетті сипат алып отыр, соның арқасында корольдықта шейіт тұрғындарының қатар өмір сүруі байқалуда.

Суннизм шиизмге қарағанда Алла мен адамдар арасында делдал болу мүмкіндігін мойындайды, Әлидің айрықша жаратылысы туралы идеяны және оның ұрпақтарына имаматта

(қауымдыстықты басқаруда) айрықша құқық берілуін теріске шығарады. Шейіттердің пікірінше, иммамат жаратушының белгілегені. Сондықтан да шейіттер шығарған Құранда Әлидің айрықша рөлі туралы сүре - «екі жарық беруші» бар. Шейіттердің хадистер жинағы Ақбар (хабар) деп аталады. Олар өздерінің имамдары және Әлиді, оның ұрпақтарын басынан бастап қолдаған мұсылмандар жасаған хадистерді ғана мойындайды. Олардың ішіндегі ең шындыққа жақыны Мухаммед аль-Кумми (993 ж. қайтыс болған) мен Мухаммед аль - Кулайни (939 ж. қайтыс болған) жасаған Ақбарлар деп есептеледі. Осыған байланысты, шейіттердің жафарит мазхабы шейіттерінен басқасы Абу - Бакра, Омар, Осман халифалардың заңды өкіметін мойындамайды, олар Мұхаммед пайғамбардан кейінгі заңды халифа деп Әлиді ғана есептейді.

Шейіттердің басты ағымы — имамиттер. Олардың наным бойынша, Әли руынан шыққан 11 — имам аль - Хасан аль - Асқари (873 ж. қайтыс болған) дүниеден өткен соң, 12 - имам болып оның жасөспірім баласы Мұхаммед тағайындалған, бірақ ол аз уақыттан соң кенеттен «жоғалып кетті» не «тығылып қалды». Сондықтан ол «жасырын» имамға сену әр түрлі мұсылман секталарының пайда болуына әкеп соқты.

Салт жоралғыларында тазару, намаз оқу және т. б. ережелерінде де кейбір айырмашылықтар бар.

Исламдағы мистикалық бағыт суфизм (сопылық) болып табылады, бұл -Ортағасырлық Шығыстың діни философиялық және қоғамдық ой-пікіріндегі аса күрделі құбылыс. Ежелгі сопылардың пікірінше, әрбір жеке тұлға діни жетекшінің басшылығымен бұл дүниеден бөлек және тақуалық өмірдің қызығынан бас тарту арқылы Құдаймен тілдесуге қол жеткізуге қабілетті. Ежелгі сопылықта кедейлік (фақр) уағыздалды, әділетсіз пайдадан және басқаның күшін пайдаланудан тұратын өмірге жол берілмеді. Кейбір зерттеушілердің пікірінше, суфизм атауы «суф» сөзінен шыққан «суф» — ақ қалың матадан тігілген желбегей, бұл әлемнің байлығын жаны жаратпаушылық, жеккөруді көрсетеді. Сопының мақсаты Құдаймен тікелей қатынасуға қол жеткізу болып табылады.

Өзінің мистикалық жолында сопы мынадай кезеңдерден өтеді:

1. Шарифат — Ислам заңдарын бұлжытпай орындау.
2. Тарихат — аса беделді сопы қарияның (шейх, пире) алдында мүрид ретінде дәріс тыңдау, намаз оқу арқылы, сондай-ақ өз ерік-жігерін жоюға ұмтылуы арқылы мүрид бола алады.
3. Мағрифат — ақылмен емес, жүреппен Құдайдың бар әлемде жалғыз екендігін, барлық діндердің қайырымдылық пен зұлымдыққа қатысты өзара тең екендігін тану.
4. Хақиқат (ақиқат) — жаратушыны тануда толық теңестірілу. «Ақиқат» жағдайына қол жеткізу туралы ілім және сопылықтың пантеистикалық бағытына тән. Оның жарқын өкілі 922 ж. Бағдатта өлтірілген аль — Хусайн аль Халлядж болды, ол «Мен -шынаймын» деген тіркесті қолданды, ол «Мен құдаймын» дегенмен бірдей еді.

Сопылықтың монотеистік ағымы тариқаттың ең жоғарғы кезеңінде адам жаны құдайдың нұрын бейнелей алады, бірақ онда тарап кетпейді дейді. Монотеистикалық сопылықтың көрнекті өкілі аль - Газали болды.

Сопылық тәжірибенің маңызды элементі зікір болып табылады, оның мақсаты - сопының Құдайға жақындағанын танытатын мистикалық экстазға қол жеткізу. Зікір кезінде мына формула Алла хайй (Алла тірі); ля иляһа илля-ллах (Алладан басқа жаратушы жоқ) және т. б., сондай-ақ намаз оқылып, әнұран айтылады. Зікір айғаймен, тіпті саз бен барабан қосыла жасалады немесе тыныш түрі де болады (іштей жасалатын). Тыныш зікірге Мұхаммед Әбу-Бакр пайғамбар үңгірде, Меккеден Ясрибке көшкен кезде жауларынан үш күн бойы тығылып жатқан кезде үйреткен деп есептеледі. Айғайлы зікірге Мұхамедті Әли үйреткен. Сондықтан да екі зікір де тең мағыналы және әр түрлі сопылық ордендер екеуін де пайдаланады. Зікір жасау кезінде қозғалыс, отырыс, дем алу ырғағы реттеледі. Мерекелік зікір бірнеше сағатқа созылуы мүмкін.

Республикада екі орден ұсынылады: Накшбандия мен Кадирия. Алғашқысының негізін салушы Баххадин Накшабанди Бухараи (1314-1389) болды, ол Ахмад Йассауи теориясы мен

тәжірибесін Абд аль Халика аль Гидждуванидің (1180 не 120 ж. өлген) мистикалық ілімімен біріктірген. Екі орденге де тыныш зікір (хафи, хафийа) тән, алайда осы орден тармақтарында айғайлы зікір де (джахр, джали) қолданылады. Накш-бандия монотетикалық суфизмге жатады. Кадирия орденінің негізін салушы Абу аль - Кадир аль-Джилянин (1116 ж. өлді) болды. Оның жерленген жері Бағдаттағы ең басты қасиетті жерлерінің бірі болып саналады. Бұл орденге айғайлы зікір тән, ол пантенстикалық сопылыққа жатады.

Бұл орденнің бір тармағы жоғары дауысты дөңгелек зікірді тәжірибеде көрсеткен Кунта қажы атымен байланысты (ХУІІІ-ХІХ ғ. аралығы). Тарикат шешен және ингуш халықтары арасында кең тараған.

Бүкіл Ислам ағымы салтанатты түрде екі мейрамды атап өтеді:

1) Ораза айт (Ийд-альфитр)-ауыз бекіткеннен кейінгі ауыз ашу мерекесі; ол Құран түсірілген Рамазан айынан соң келетін Шавваль (мұсылман күнтізбесінің тоғызыншы айы) айының алғашқы күнінде атап өтіледі.

2) Құрбан айт (Ийд-аль-адха)-құрбандық шалу мейрамы. Ол мұсылман жылының соңғы айы Зу-ль-хиджа айының оныншы айында атап өтіледі, Меккеге жасалатын сапар аяқталған соң бірден болады. Бұл күні қолында қаржысы бар әрбір мұсылман ешкі, қой, т. б. малды құрбандыққа шалады. Құрбандыққа шалынған малдардың еті туралы Құранда былай жазылған: «...оны жеңдер және ғаріп-қасірлер мен сұрауға ұялатындарды тамақтандырындар» (Құран, 22:36). Бұл мерекелерден басқа мұсылмандардың салтанатты мерекесі-Мәулет-Мұхаммед пайғамбардың туған күні-мұсылман күнтізбесіндегі үшінші ай-Рабби аль Авваль айының 12-ші(9-ші)күні.

Шейіттер аталған мерекелерден басқа пайғамбардың қызы Фатиманың туған күнін, сондай-ақ барлық шейіт имамдарының туған және өлген күндерін атап өтеді. Айырықша салтанатпен ерекшеленетіні-Халифа Али ибн Абу Талибтің ұлы, Мұхаммедтің немересі «ұлы азап көруші» Хусейнді азалау күні. Ол Мұхррем (мұсылман күнтізбесінің алғашқы айы) айының оныншы күнінде өткізіледі, театрландырылған шеру-

лермен, ән айтумен, уағыздармен және өзін-өзі азаптау көріністерімен жүргізіледі.

Исламдағы жыл санау б. з. 622 ж. 16 шілдесінен-хижраның бірінші жылынан басталады. Мұхаммед пайғамбардың Меккеден Ясрибке (Мединеге) барған жылы. Күнтізбені 639 жылы Халиф Омар енгізді. Мұсылман күнтізбесі ай бойынша болады және 30 не 29 күннен тұратын 12 айды құрайды: мұхаррай, сафар, раби аль-авваль(I), раби ас-сани (I), джумада аль-авваль (II), джумада ас-сани (II), раджаб, шаабан, рамазан, шавваль, зұль-қада және зұль хиджа. Ай күнтізбесі Күн күнтізбесіне қарағанда шамамен 11 күндей қысқалау. Әрбір жаңа тәулік күннің батуынан басталады.

Орта Азия және Қазақстан аймағында ислам VII ғ. екінші жартысында, бірінші омейяд халифі Муавин ибн Суфьян билік жүргізіп тұрған кезде ене бастады. Муавин ибн Суфьян құрамына Самарқанд, Бұхара, Шаш, Насаф, Кеш, Хорезм, Мерв, Ходжент, Баласағұн, Өзгент және Ниса қалалары кіретін Мауреннахр мемлекетін басып алуды бастаған. Қазақстанда Исламның орнығу процесі ұзаққа созылды және күрделі болды.

Орта Азия мен Қазақстан көшпенділері арасында Ислам дінінің таралуына Қожа Ахмед Йассауи (Хазрат-Сұлтан-ал-Арифин) (1103-1166/67) айрықша рөл атқарды, ол түркі мұсылмандары арасында Мұхаммед пайғамбардан кейінгі екінші қасиетті адам саналады, ол өз уағызын оқыған Түркістан қаласы — екінші Мекке деп аталады. Оның қаламынан туған «Хикметтері» (Ақыл сөздері) түркі (шағатай) тілінде жазылған. 1996 жылы қазақ тіліне, ал 2001 жылы орыс және ағылшын тілдеріне аударылды.

1990 жылдың қаңтарында Республикада Қазақстан мұсылмандарының Діни басқармасы (ҚМДБ) құрылды. Оған дейін мұсылман қауымдастықтары ұйымдасқан түрде Орта Азия және Қазақстан мұсылмандарының Діни басқармасына бағынып келген. Мұсылман діни бірлестіктерінің өміріндегі аса ірі оқиға 2000 жылғы 24 маусымда Алматыда III Құрылтайдың өткізілуі және онда Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Бас муфтиі және төрағасы болып Ғылым Академиясының академигі, белгілі шығыстанушы -арабист, дипломат, фи-

логия ғылымдарының докторы, профессор Әбсаттар қажы Бағысбайұлы Дербісәлінің сайлануы болды.

Қазақстанда ҚМДБ ұйымдастырылған соң Исламды жаңғырту бағдарламасы жасалды, дінге сенушілерге мешіттерді қайтарып беру, оларды қалпына келтіру, жаңа мешіттер салу, исламның рухани мектептерін ашу жұмыстары басталды. Қазақстан мұсылмандарының Діни басқармасы берген мәліметтер бойынша 2006 жылдың 1 қаңтарында республикада 1800-ден астам мешіт жұмыс істеп тұрды.

Исламның біздің республикамызда алдыңғы қатарлы ағымы ханафит мазхабындағы суннизм болып табылады. Ол қазақтар, өзбектер, ұйғырлар, дүнгендер, татарлар, азербайжандардың біраз бөлігі және аздаған орыстар арасында уағыздалды. Ханифит мазхабының суннизм республикада белгілі бір мәдени - ұлттық ерекшелікке ие. Ол тәңірлікпен және атабабаға табыну, сопылық және қасиетті жерлерге бағынумен тығыз байланысты.

Республика тұрғындарының шешен және ингуш ұлттары арасында шафииттік мазхаб суннизмі таралған. Шафиит мазхабының суннизмінің ұйымдастырылуы заңды тіркелмеген болса да, кейбір мешіттер жұмыс істеуде.

Дінге сенушілердің мұсылман әлемімен байланысы күшеюімен Қазақстанға ханбалит мазхабының суннизмі ене бастады. Бұл мазхаб республикада Ислам фундаментализмі мен ваххабизм идеясының таралуына негіз болды.

Қазақстанда шиизмді оған сенетін әзербайжандықтар уағыздайды, Алматыда бір шейіттер мешіті бар. Соңғы кездері республикада Алматыдағы Иран елшілігі мен студенттері арқылы шейіттер әдебиеті таратыла бастады.

4. КЕЙІНГІ ЖАҢА КЕЗЕҢДЕГІ ИСЛАМ ДАМУЫ

XIX ғ. басынан XX ғ. II жартысына дейінгі бір жарым ғасыр бойы Ислам дамуында маңызды түбегейлі бетбұрыс болды. Шығыс елдерінің әлеуметтік-экономикалық құрылымдарындағы өзгерістер, жаңа таптық- ұлттық буржуазияның

пайда болуы, ұлт- азаттық қозғалыстарының дамуы, Марксизм идеясының таратылуы- бұлардың бәрі жиналып келіп, қоғамдағы Исламның рөліне көзқарасты өзгертуге, сондай- ақ қоғамдық өмірдегі жаңа діндерде исламдық мотивацияның өзгеруіне әкеп соқты.

XIX ғ. ортасынан басталып, бүгінгі күнге дейін созылып отырған жаңа тарихи жағдайларға исламның діни- философиялық және құқықтық нормаларының бейімделу процесін көптеген ғалымдар «мұсылмандық реформалау» деп атайды, десе де оның христиандық реформадан түбегейлі өзгерістері бар. Олардың айырмашылығы, біріншіден, бұл процестер әр түрлі кезеңдерде, әр түрлі нақты тарихи жағдайларда өтті. Екіншіден, «мұсылмандық реформалау» зайырлы өмірдегі әр түрлі аспектілердің діни мотивациясын қайта қараудан (не қайта қарауға тырысудан) тұрады және тек аз ғана мөлшерде өзінің діни мәселелерін қамтиды. Үшіншіден, христиан дініне қарағанда, Ислам дінінде шіркеу және дін институттарының болмауы Исламдағы реформа сипатына айырықша із қалдырды.

Орта ғасырда пайда болған мұсылмандық сот жүйесі де елеулі өзгеріске ұшырады, белгілі бір шамада- мұсылмандық құқық жүйесінің өзі шариғат соттары заңдарында бірте- бірте шектеулер бола бастады. XIX ғ. ортасында Осман империясы аймағында шариғаттық және зайырлы сот құзыры түбегейлі шектелді (бұл процесс әлдеқайда бұрын басталған еді). Осымен бір мезгілде мұсылмандық құқық нормаларын кодтау жүзеге асырылды (Ханифиттік құқық ережелерінің жиынтығы- Манджалла — 1869- 1876 жылдары құрастырылған), кейбір елдерде шариғатта қарастырылмаған қылмыстық кодекс пен басқа құқықтық құжаттар қабылданған. Қоғамдық өмірдегі Исламның рөліндегі елеулі өзгерістер (шектеулі болса да) Египеттегі Мұхаммед Әли реформаларымен және Осман империясындағы саяси танзиматқа байланысты жүргізілді.

Саяси-әлеуметтік даму қажеттілігі мұсылман діншілдерімен құқық қызметкерлері алдына Исламның дәстүрлі ережелерінің бір қатарына жаңа ұғым қажеттілігін алға қойды. Алайда бұл процесс барынша ауыр және ұзаққа созылған болды. Бұл әсіресе, мұсылман елдерінде банк жүйесін жасау қажет-

тілігі (не күнә екендігі) туралы айтыс- тартыста байқалды. Тартыс бір жағынан төлем пайызын (риба`) алу туралы ережелер айналасында, ал екінші жағынан шарифаттың тыйым салуына байланысты капиталды жансыздандыру айналасында болды. Ол Египетте барынша айқын формада байқалды, онда муфтий Мұхаммад Абдо 1998 жылы банк төлемдері және олардан пайыздар алу өсімқорлық болып табылмайды, сондықтанда айыпталып жатқан риба категориясына оның қатысы жоқ деп түсіндіретін фатва шығарды. Бұл фатва сол кезеңде өмір сүріп жатқан ұлттың буржуазия мүддесіне сәйкес жүргізілуіне мүмкіншілік берді.

Капиталистік кәсіпкерліктің мұсылман елдеріндегі тәжірибесін кеңейту тек шарифат ережелерін қайта қаруды ғана емес (риба жағдайындағыдай), мұсылмандық орта ғасыр кезеңінде кең таралған дәстүрлі принциптердің жаңғыруына да жол ашты, мысалы, Мусарак пен Кират (сауда ынтымақтастығы принципі), екінші жағынан, кейбір жаңа құбылыстар мұсылмандық дәстүрдің жалғасы және дамуы ретінде қабылданылды, мысалы, діни қауымдастық негізінде мұсылман әлемінің әр қилы бөлігінде қызмет еткен комерциялық бірлестікте (исмалиттердің) қожа және бохра мемандардың сауда үйлері мен қаржы кәсіп орындары мұсылмандық сауда үйлерінің орта ғасырлық дәстүрін жалғастырушылар ретінде қарастырылды, алайда, шын мәнінде олар капиталистік және жартылай капиталистік сипатта болды.

Қоғамдық сана саласында жүріп жатқан өзгерістер маңызды рөл атқарды. Бұл, әсіресе ұлттың өзіндік санасының қалыптасуы мен буржуазиялық ұлтшылдықтың пайда болуына қатысты. Бұр процесс саласында Исламның барлық мұсылмандардың бірігуі туралы ережесі жаңа мазмұнға ие болды. Джамал ал-дин ал-Афгани барлық мұсылмандардың ынтымақтастығы туралы идеяны қалыптастырды, бұл кейін панисламизм тұжырымдамасына айналды және барлық мұсылман әлемінде кеңінен тарады. Барлық мұсылмандарды діни негізіне қарай біріктіруге негізделген панисламизммен қатар мұсылмандық ұлтшылдықта дамыды, оны жақтаушылар мұсылман қауымын басқа дін өкілдерінен артық деп есептеді. Мұсыл-

мандық діни-ұлттық идеялар екі сипатта болды: бір жағынан, белгілі бір кезеңде ұлт азаттық қозғалысын дамытты, екінші жағынан, реакциялық күштердің қолындағы қаруға айналды. Жалпы алғанда XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басында мұсылман қоғамының барлық ақыл- ойының бағыттарында белгілі бір көлемде ұлтшылдық әсері сезіліп тұрды.

Бұл кезеңде Исламдағы діни-жаңғыру процестері Батыстағы ғылыми-техникалық жетістіктерді меңгеру мәселесімен байланысты болды. Реформаторлық бағытты жақтаушылар Исламның Батыс жетістіктерін енгізу процесіне кедергі келтіретін модернизациялық ұстанымды жақтады. Оларға Исламның бұрынғы нормаларымен құндылықтарын жақтаушы дәстүрлі дін өкілдері қарсы тұрды, олар батыс үлгісіндегі жаңашылдықтың енуіне қарсыласып бақты. Ұлттық өзіндік сана мен ұлт- азаттық қозғалысты дамыту шаралары бойынша Исламда саяси күресте исламдық ұрандарды кеңінен қолдану арқылы танылатын политизация (саясаттандыру) анық байқала бастады (өз тарихында ислам ешқашанда саясаттан тыс болған емес). Шейіттер арасында пайда болған діни- саяси қозғалыс (мәселен, бабизм) «сектанттық» қауымдастықтың шоғырлануына, ал суниттік исламда олар көбіне догматика ережелерін қайта қараумен анықталды. Отарлауға қарсы шыққандар кейде мессияндық идеяларды жақтап, өз көсемдерін махди деп атады. XIX ғ. аяғында XX ғ. барық мұсылман әлемі бойынша Исламды реформациялауды жақтайтын қозғалыс кең құлаш жайды, оның өкілдері мұсылман дәстүрлі дінін жақтаушылармен де, қоғам дамуының зайырлы тұжырымдамасын жақтаушылармен де қызу тартысқа түсіп жүрді. Олармен бір мезгілде халықаралық ислам қозғалысы да қалыптаса бастады, ол исламдық ынтымақтастық тұжырымдамасына негізделген: 1926 жылы бірінші халықаралық мұсылман қоғамы Бүкіл әлемдік ислам конгресі (Му`тамар ал`-алам ал- Ислам) құрылды.

Ислам тарихында сапалық жағынан жаңа кезең — XX ғ. екінші жартысы.

Мұсылман халықтарын отарлық езгіден құтқару, социализмнің әлемдік жүйесін жасау, капиталистік әлемде тоқырау

құбылыстарының тереңдеуі мұсылмандық қоғамдық ой өкілдерінің алдына жаңа мәселелер қойды. Бұл, бәрінен бұрын кең тараған күресте азаттық алған елдердің даму жолын таңдау мәселесі төңірегінде байқалды, оның барысында капиталистік те, социалистік қоғамнан бөлек «үшінші жол» деп аталатын қыруар тұжырымдама пайда болды. Исламның дәстүрлі құндылықтарын теріске шығара отырып, мұсылмандық қоғам қайраткерлері (діни де, зайырлы да) ислам тараған елден үшін қолайлы бірден-бір даму жолы туралы тезис ұсынылады. Оның негізінде бір-бірінен кейбір мәселелердегі тұжырымдары арқылы ғана ажыратылатын, бірақ бәріне ортақ әлеуметтік табиғаты- буржуазиялық не ұсақ буржуазиялық бағыты бар «Ислам мемлекеті», «исламдық басқару», «Исламдық экономика», «исламдық социализм», т. б. тұжырымдамалар жасалады.

«Ислам мемлекеті» тұжырымдамасы қазіргі жағдайда қоғамның саяси ұйымымен дәстүрлі Ислам моделінің тұтасуын көрсетеді, онда қандай да бір формада зайырлы және діни билік сәйкес келеді (Алланы биліктің жалғыз көзі ретінде тану арқылы), онда кірісті әділ түрде бөлу принципі, экономиканы шариғат заңдарына сәйкес реттеуі, т. б. қағидалар жүзеге асырылар еді. Тұтастай алғанда бұл тұжырым классикалық Исламның саяси және әлеуметтік- экономикалық доктриналарын нақты мемлекеттің даму ерекшеліктерін ескере отырып, модернизациялауды байқатады. Оны таратуға және насихаттауға арналған, «Исламдандыру» деп аталатын іс- шаралар «жоғарыдан» — белгілі нормаларды заңдық негізде енгізу арқылы (мысалы, Пәкістанда- «ушра мен зекетті енгізу, банк жүйесін исламдандыру; Иранда- исламдық басқаруды жариялау) және «төменнен» - діни- саяси ұйымдарға қысым көрсету арқылы, олардың арасында біршама белсенді іс-қимыл көрсеткені- «мұсылман бауырлар». «Исламдандыру» ретінде Азия мен Африканың кейбір елдерінде жүріп жатқан исламды жақтаушылар санын көбейту процесі түсініледі (бәрінен бұрын Сахарадан Оңтүстікке қарай аймақта), онда Аравияны мұнай өндіруші мемлекетінің қаржысына жасақталған көптеген мис-

сионерлік ислам орталықтарының белсенді іс әрекеті көбіне жасанды түрде ынталандырылды.

Қазіргі заманда Исламды- ұстанушылар саны бойынша екінші (христиан дінінен кейінгі) әлемдік дін. Жуықтап СА-нағанда, жер шарындағы мұсылмандардың саны 1 млрд-қа жетті (олардың 90 пайызы суниттер), олардың үштен екісінен астамы шет елдік Азияда тұрады, ғаламшардың осы бөлігіндегі тұрғандардың 20 пайызынан астамын құрайды, 30 пайызға жуығы Африкада тұрады (континент тұрғындарының 49 пайызы). Мұсылмандар қауымы өмір сүретін әлемнің 120-дан астам елінің 30-ында мұсылмандар барлық тұрғындардың түгелге жуық бөлігін қамтиды. Солтүстік Африканың, Батыс Азияның барлық елдерінде (Кипр, Ливан, Израилді қоспағанда), Сенигалда, Танбияда, Нигерияда, Сомалиде, Ауғаныстанда, Пәкістанда, Бонгладеште, Индонезияда және басқа кейбір елдерде тұрғындардан 80 пайыздан астамы құраса, бір қатар елдерде (Гвинея, Мали, Ливан, Чат, Судан) исламға сенушілер тұрғындардың жартысынан 80 пайызына дейін; Малайзиямен Нигерияда жартысына жуығы, кейбір елдерде олар тіпті аз (Гвинея- Бисау, Камерун, Буркина Фасо, Сьерра- Леон, т. б.). Салыстырмалы саны бойыша барынша ірі мұсылмандар қауымдастығы- Индонезияда, Индияда, Пәкістанда және Бангладеште тұрады. Мұсылмандардың қомақты бөлігі Қытайда, Тайландта, Эфиопияда, Танзанияда, Кипрде, Еуропаның бір қатар елдерінде (Югославияда, Албанияда, Ұлыбританида, ФРГ- де, Францияда, т. б.) Африка құрлығында (АҚШ- та, Канадада, Аргентинада, Бразилияда, Гаянада, Суринада, Тринидад пен Табагода) Австралиада және Фиджи аралдарында тұрады.

Афро-Азиялық 28 мемлекетте Ислам мемлекеттік (би ресми) дін болып танылған. Египет, Кувейт, Сауд Аравиясы, Иран, Пәкістан т. б. елдерде «Ислам» сөзі олардың ресми атауына тіркесіп қолданылады: Иран Ислам мемлекеті т. б. көпдеген елдерде исламды таратуда саясатта көбіне маңызды рөл атқаратын мұсылмандық партия әрекет етеді. Мысалы, Иран республикалық партиясы, Индонезиядағы Бірлік және даму партиясы, Малайзиядағы Паймали Исламдық партиясы, Индия мен Пәкістандағы Джамаат-и ислами.

Бірқатар елдерде діни-саяси ұйымдар (соның ішінде заңнан тыс жүргендері де, мысалы «мұсылман бауырлар»; Исламды азат ету партиясы, т. б.) көпдеген діни оқу орындары қызмет етеді (құран мектептері, медреселер, мұсылман университеттері, т. б.), Ислам қауымдастықтары, миссионерлік ұйымдар, комерциялық мекемелер (Исламдық банктер, сақтандыру компаниялары).

Мұсылмандық сот жүргізу жүйесі сақталып қалды. 70-жылдардың екінші жартысында, 80-жылдардың басында шариғаттың бұрын тәжірибеден қысқартылған кейбір нормаларын жаңғыртуға тырысушылық байқалды. Мысалы, Пәкістанда, Судайда (Дж. Нимейри Президент болған кезде) қылмыстық әрекетіне жаза ретінде денеге жарақат салу сияқты әрекетті мұсылмандық құқыққа қосып қолдану.

70-жылдардың аяғы мен 80-жылдың басында халық аралық істерде үкіметтік және үкіметтік емес деңгейде әрекет ететін халық аралық мұсылмандық ұйымдар белгілі бір рөл атқара бастады. Олардың ішінде аса маңыздыларының бірі – 1969 жылы құрылып, 44 Афро-Азиялық мемлекетті біріктіретін Ислам конференциясы ұйымы (Муназзамат ал-му тамр ал-ислами) және Полестинаны азат ету ұйымы. Онда мұсылман елдері мемлекеттер мен үкіметтің басшысы ретінде көрсетіледі. Исламдық ынтымақтастықты жүзеге асыруға бағытталған өз іс-әрекетін ИКҰ Джиддегі штаб-пәтермен бірге Бас хатшылық және бір талай арнайы ұйымдар (Исламдық даму банкі, Исламдық жаңалықтар агенттегі, Білім беру, ғылым және мәдениет бойынша Исламдық ұйым, Исламдық даму қоры, т. б.) арқылы жүргізіледі. ИКҰ іс-әрекеті үшін саяси шешімнің екі жақтылығы тән: бір жағынан, антиимпериалистік ұрандар ұсынылады, халықаралық империализм мен сионизмге қарсы бағытталған шешімдер қабылданады; екінші жағынан, антикоммунистік ұрандар тараған елдерде реакциялық күштер қолдау алады.

Үкіметтік емес мұсылмандық халықаралық ұйымдар арасында мұсылман әйелінің лигасы (1962 ж. Меккеде құрылған), Бүкіләлемдік Исламдық конгресс, Бүкіл дүниежүзілік ислам әлемі, Еуропаның Исламдық кеңесі т. б. белсенді көрінеді. Бұл

ұйымдардың іс-әрекетінде, ИКҰ іс-әрекетіне қарағанда реакциялық, антикоммунистік элементтер барынша үлкен рөл атқарады. Олардың барлық күш-жігері Исламды насихаттауға және таратуға діни қайраткерлердің халықаралық кездесулерін ұйымдастыруға, әр түрлі елдердегі мұсылман қауымына көмек көрсетуге бағытталған.

Қазақстанда да Ислам жүйесі құрылымында бірқатар өзгерістер болды. Сонғы халық санағы бойынша қазақтардың еліміздегі үлес салмағы 50 пайыздан асқандықтан ислам дінінің қоғам өміріндегі орыны ерекше. Мұсылмандар діни басқармасының мәліметтеріне қарағанда қазіргі Қазақстанда 24 этностан тұратын 11 миллионға жуық мұсылман бар. Мұсылмандар діни бірлестігінің саны 1400 ге жуық. Қазір көптеген елді мекендерде мешіттер салынып, олар өз міндеттеріне сай қызметтер атқаруда. Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы 1990 жылдан бастап дербес қызмет атқара бастады. Бұған дейін Орта Азия мен Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасына бағынып келген. Осы уақыттан бастап ислам дінін тарату ісі жетіле түсті. Елімізде 20-дан аса медресе, 1977 жылдан бері Алматыда Ислам институты діни мамандар даярлауда. Арнайы дінтану факультеттері Шымкенттегі халықаралық Қазақ - Араб және Қазақ Кувейт сонымен қатар Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Иассауи атындағы Қазақ-Түрік университеттерінде бар.

Діни Басқарманы араб тілі мен әдебиетінің маманы, дінтанушы профессор, бас муфти Әбдісаттар Қажы Дербісәлі басқаруда.

Ислам діні Қазақстанда мемлекеттік дін болмағанмен жұртшылық арасында беделі зор. Сондықтан Қазақстандағы Ислам дінінің жақтастары да дұшпандары да бар. Республикада Ислам дінінің өрістеуіне шет елдік мұсылман елдері ресми тұрғыдан ынта білдіруде. Олар мешіттер салуға, діни оқу орындарын ұйымдастыруға өз көмектерін білдіруде. Сонымен бірге Ислам дінінің атын жамылған, өзге ниеттегілер де әрекеттер жасауда. Мұны дінді саясатқа айналдыру тәсілдері деп түсіну керек.

5. ИСЛАМ ФУНДАМЕНТАЛИЗМІНІҢ ТҮСІНІГІ МЕН ТАРИХИ МӘНІ

Діндегі фундаментализм ұғымы біздің тілімізге ХХ асырдың басында Америка Құрама Штаттарынан келді. Бұл сөздің түбірі, көне латын тіліндегі «Fundare» (фундаре) деген етістік, «Fundare» — жерге төсеу деген мағынаны білдіреді. Осы «Fundare» етістігінен Fundamentum (фундаментум) деген зат есім пайда болған, оның мағынасы «төсегіш», ірге дегенді білдіреді. Кейін келе мағынасы толығып, «жер тағаны» немесе «ірге тасы» деген түсініктерді беретін болған.

Соңғы жылдары әр түрлі басылым беттерінде мұсылман фундаменталистері деген түсінік қалыптаса бастады. Бұл Исламды саясатпен байланыстарудан туған ынта. Фундаментализм Христиан дінінде де бар. Фундаментализм көріністері қандай дінде болмасын көрінуі әбден мүмкін, осы дінге деген тазалық ниетінен тууы ықтимал. Бірақ, бұл таза діни ниетті саясатқа айналдыру, діндер үшін емес, саясатшылар үшін керек.

2001 жылдың 11 қыркүйегі адамзат тарихында естен кетпес бір қайғылы оқиға болды. Бұл оқиғадан кейін әлем дүр сілкінді. Терроризм ізінің нақты бет әлпетін көрсетіп, елге үрей, қорқыныш туғызды. Ол тек Америка мен Еуропа халықтарын қынжылтқан жоқ, дүниежүзілік рухани қазаға ұшыратты. Кім осы мезеттерді теледидардан көрді, сол адамдар жан түршігерлік оқиғалардың куәсі болды.

Осы мезеттен аз ғана уақыт жетпей жатып, Американдық және Еуропалық саяси шолушылар, журналистер, саяси қайраткерлер кім жасаған деген сұраққа ешқандай дәлелсіз, куәгерсіз бірауыздан Ислам фундаментализмінің негізінде құрылған, діни экстремизм бағытындағы террористерге жапты. Айыпталушылардың ішінде бірінші террорист деп айдар таққан: Осам Бен Ладен бар еді.

Келесі күні терактіні жасағандардың ішінде аты-жөндері арабша адамдар бар екені анықталды. Осыған орай Джордж

Буш «Шығысқа қарсы күрес жорығына шығамыз» деген мәлімдеме жасады. (бірақ кейіннен бұл сөзіне кешірім сұрады). Бұл террорлық әрекеттен кейін Франция, Германия, Италияда тұратын мұсылмандарға қарсы қудалау басталды т. б.

Осы әрекеттер мұсылмандар үшін ауыр тиді.

Мамандар мен журналистер Ислам діні зорлық пен зомбылыққа шақырмайды деген пікір айтты. Бірақ, бұл пікір эмоцияға берілген АҚШ пен Еуропа халқын тыныштандыра алған жоқ. Бұны істеген Ислам фундаменталистері және Исламдық радикалды ұйымдар оның орталығы Ауғанстанда орналасқан деген пікір айтылды.

«Ислам фундаментализмі не?» деген сұраққа жауап берсек «Исламның тұғырына қайту, қайтып оралу» деген мағына береді. Тағы басқа осындай сұрақтарға ғылыми жауап беруге тырысып көрейік.

Дж. Волл Ислам тарихын зерттей келе Ислам ағымдарын, яғни суниттік бағытты 4 ағымға бөледі:

- 1) Адапционистік /ауыспалы жағдайға тез бейімделді/;
- 2) консервативтік /жаңаның бәріне сын көзбен қарайды/;
- 3) фундаменталистік /діннің заңдылығы қатаң түрде сақталуы/;
- 4) тұлғалық /хорезматикалық тұлғаға бағыну/.

С. Полонскийдің айтуы бойынша: «Исламдағы идеологиялық бағыт екіге бөлінеді: 1) дәстүрлік ағым, бұл ағымның идеясы негізі ол жаңаның бәріне қарсы шығады. Олар орта ғасырлы исламдық жүйені солай сақтап қалғысы келеді. 2) Реформаторлық, ол жазаны қабылдап, жүйені өзгертуге қарсы емес. Реформаторлық ағым фундаменталдық және модернистік болып бөлінеді. Бұл идея аса нақты емес, бірақ сонда да алғаш айтылған идеялардың бірі».

Көптеген ойшылдар Ислам ағымдарын екі топқа бөледі:

- 1) Дәстүрлік исламды қолдайтындар; 2) фундаменталистер.

Дәстүрлік ислам бағытын қолдайтындар қазіргі әлем проблемаларын дәстүрлік Ислам көзқарасымен қарайды. Ал, фундаменталистер бағытын қолдайтындар маңызды мәселелерде Құран және сүннетті алға ала отырып өз шешімдерін қолда-

нады. Кейбір бұқаралық ақпарат құралдарында фундаменталистер осы заманға сай кейбір заңдылықтарға сын көзбен қарайды дейді.

Фундаментализмнің қасиеттерінің бірі ретінде діни этикадан саяси идеологияға ауысуы және адамдарды Ислам қоғамдық саяси теория екеніне сендіру және ол исламның тоталдық мінезі, яғни, Ислам идеология ретінде адамдардың барлық қиыншылықтарын шешеді. Фундаменталистердің ойлары бойынша қоғамдық және жеке басты өмірде үлкен бақытқа қол жеткізуге болады дейді.

Фундаменталистер мен дәстүрлі ислам ағымдарында үлкен айырмашылық жоқ. Дәстүрлік Исламды ұстанатындар діннің даму тарихында діннің басты мағынасы сақталды және дінге берген әртүрлі анықтамалар оны қатайтты. Ал, фундаменталистер өзінің тарихында Құран мен сүннетті кейінгі шыққан трактаттар бұзды дегенді алдыға тартады. Ал, Исламның негізіне қайту үшін Құран мен сүннеттің түп нұсқасына жету керек.

В. Смит «Фундаменталистерді» екі ағымға бөледі; 1) Бейбітшілік ағымындағы фундаменталистер ("moderates"); 2) агрессорлық тұрғыдағы (жауынгер) фундаменталистер ("militans"). Бұлардың басты критеріі күш қолдану. В. Смит осылай типологияларға жіктейді, сонымен қатар бұл жіктеуді батыс баспаларында кең пайдаланады.

Кейбір кезде басқаша сындар қолданылады. Яғни, Х. Ансари өз жіктеуінде: «Гамаот исламийя» жауынгер исламистер тобының міндеті жиһад жасау болып табылатынын айтып көрсетеді». О. Карре исламистік ұйымдарды 3 топқа бөледі.

1) Билікке ықпал ету немесе билікке араласу; 2) Билікке, үкіметке қысым көрсету; 3) Қарулы қажығыспен күресу.

Н. Айюбидің айтуы бойынша: «Мұсылман бауырларды және Исламдық экстремистерді неофундаменталистер» деп бөледі. Бұл бөлудің себебі олардың мақсаттарына жету үшін әртүрлі тәсілдер қолданылады.

Көп ғалымдар фундаментализм тарихын, дамуын зерттей келе оған нақты анықтама береді; «Ислам фундаментализмі»

саяси-идеологиялық ағым ретінде /күрескер/ «жауынгерлік исламның» бір бөлігі ретінде қарастырады. Мақсаты: мемлекеттік құрылым кезінде ислам қағидаларын пайдалану және оны жүзеге асыруда әртүрлі саяси және қарулы күш көрсету арқылы ислам мемлекетін құру.

Барлық фундаменталистер идеологиясы мен мақсаты негізінен ұқсас келеді. «Бейбітшілік ағымдағы және агрессорлық тұрғыдағы» фундаменталистер айырмашылығы олардың күрес әдіс-тәсілдерінде болып табылады. Мысалы: Бейбітшілік ағымдағы фундаменталистер үлкен қарулы қақтығыстарға бармайды. Ол тек саяси бағыт ұстанады. Бұл тұжырымдама көпшіліктен оң баға ала алмады. Фундаментализмді ішінен бөлу бойынша, яғни жіктеу үшін олардың идеологтарын модернизацияланған үрдіске ат салысқан хақ мұсылмандар және мұсылман құқығынан айырылғандар деп бөлуге болады. Ол шын мағынасында кәпір, дінсіздер. Мұсылмандардан кімдекім ауыр күнә жасаса ол мұсылман құқығынан айырылады деп тұжырымдайды.

Ислам экстремистерінің критериілері адамға тақфир айту, дінсіз деп айып тағу. «Ислам экстремистері тақфир айтып көп халықты дінсіз деп айып тақты» Мысалы: Египеттік «Мұсылман бауырлар» тақфир айтып дінсіздікті айыптайды. Бірақ олар мұсылманды мұсылман ретінде қалдырады. Олар қазіргі кезде жұртпен жұмыс жасап, өз идеологияларына үгіт-насихат айтып жүр, олар заңды саяси күрес жолына түсті. Олардың ойлары бойынша тақфир айту тек мемлекеттің құқығы, ал экстремистер болса, ол құқықты жеке ұйыммен байланыстырады. Экстремистердің ойлары бойынша Израильмен күрес қазір маңызды емес, қазір маңызды мәселе Ислам мемлекетін құру және оны дамытып сол мемлекетпен ғана біз Израильді жеңеміз дейді.

Біз өз типологиялық жіктеуімізде исламдық экстремизмді фундаментализмнің бір тармағы ретінде қараймыз. Экстремизмге анықтама беретін болсақ, ол халықтың көпшілігінің саяси элитаға сенбеушілігінен туындаған ұшқын ретінде деп ой өрбітуге болады. Діни экстремизм деген дінді саяси мүддеге қызмет еткізіп қоюға көзделген идеологиялық тәсіл. Ислам

фундаментализмі халықты күш көрсету арқылы билік басына шынайы мұсылман келу керек дегенді меңзейді. Қазіргі кезеңдегі ағым идеологтары, исламдағы фундаментализм ағымының идеологтары, яғни негізін қалағандар М. Сейид Кутб, Саид Хаууа, Ахмед Шукри Мустафа, Абд ас-Салям. Ал қазіргі кезде /негізін салған/ ізін жалғастырушылар болып Джухайман аль-Отейби Абу рахман Фарадж және т. б. радикалды топтардың идеологтары болып табылады.

Осы идеологтардың ойын жалғастырған әртүрлі топтар бар. Мысалы: «ат-Такфир ва-ль-хиджра», «Аль-Джихад», «Муназакат ат-тахрир аль-ислами» және т. б. Аль Сирияда Аднонбас қорған Оклы «Мұсылман бауырлар» тобы және осы топқа жататын ұсақ топтар бар. Сауд Арабиясындағы Джухайман аль-Отейби бастаған ұсақ топтар.

Ислам ағымдарының ішінде барлық теорияларды, тұжырымдарды зерттей келе біз ислам типологиясын 3 топқа жіктейміз. 1) дәстүрлік; 2) фундаменталистік; 3) модернистік. Одан әрі қарай жіктесек фундаментализмге «бейбітшілік ағымдағы» және «кстремистік» т. б. жіктеліп кете береді. Бірақ әр зерттеуші әр түрлі зерттейді, әр түрлі ой-пікірлер айтады. Ислам фундаментализмі әлемге деген бір жүйелік көзқарас емес. Ол әртүрлі, басқаша бағыттағы көзқарастар. Осы теориялар бір-біріне қайнар көздер болып яғни тарихи негізінде ғана қосылып бір тұтас бола алады. Осы теорияларды екі бағытқа бөлу 50-60 жылдары басталады. Осы кезде «мұсылман бауырлар» тобының адамдары қамауда отырды. Ішінде олардың серкелері-Сейид Кутбта бар еді. С. Кутб қамауда отырғанда өз кітабын жарыққа шығарды. Ол өз кітабында Исламнан басқа қоғамдарды исламға қарсы қоғамдар деп атады. 1964 жылы С. Кутб денсаулығына байланысты түрмеден шықты. С. Кутб кітаптары «Мұсылман бауырлар» арасында үлкен пікір талас туғызды. Н. Айюбидің көзқарасы бойынша туған пікір таластардан кейін «мұсылман бауырлар» бөлініп кетті. С. Кутбтың халықты жанына жинап елдегі билікті басып алу мақсатында операцияға дайындалады.

Фундаментализм тарихына келетін болсақ, идеялық мағынасы, яғни теориясы көп ғасыр бойы әр түрлі ойшылардың

теорияларының негізінде қалыптасқан. Ислам фундаментализмі тамыры мұсылман дәуірінің ғасырларына кетеді. Оның негізін салушылар болып б. э. 657 жылы төртінші халиф Әлиден бөлініп шыққан хараджиттар. Олар Әлиді мұсылмандардың күресі кезінде қатаң мінез көрсеткен жоқ деген желеумен бөлінді.

Хараджиттардан қазіргі Ислам фундаментализмі мынандай тезисті қабылдаған: «классикалық Ислам адамның ниетіне және рухани жағына үлкен көңіл бөлсе, ол хараджиттар адамның істеген қылығына үлкен көңіл бөледі». Тағы бір айтатын жай классикалық исламда үлкен күнә жасағандар жаман емес мұсылмандар болса, фундаменталистер оны кәпір яғни, дінсіз деп айыптайды. Ол Ислам негізінен алшақтаған басшыға шыдамды болмау керек, оны күшпен орнынан түсіріп тастау керек дегенді айтады. Көп мұсылмандар әділетсіз патшаны немесе басшыны мұсылмандарға әдейі жіберіп отыр, ол басшы Аллахтың мұсылмандарға арналған сыны деп білсе, ал хараджиттер халифтың өзін белгілі бір жүйенің ағымындағы адам, сондықтан оны күшпен алып тастау керек дегенді айтады. Егер де Ислам фундаментализмінің бабасы хараджиттар болса, онда олардың аталары болып XIV ғасырдың үлкен беделді болған Ислам ғалымы-Таки ад-Дин Ибн Таймийя. Ол сол кездегі яғни орта ғасырда үлкен беделді болған адам. Сондықтан ол сунниттерге оның жазып қалдырған еңбектері үлкен әсерін тигізді және ислам дамуына өзінше ат салысты. 1981 жылы көктемде Египетте шығатын «Маю» газеті Ибн Таймий және оның уағызын жалғастыруды Ибн Касирді де Египеттік жастар арасындағы ең зиян үндеулер екенін айтады.

Шынында Ибн Таймий Египет жастары және фундаменталистер арасында үлкен күшке ие. Ибн Таймийдің еңбегі «ұмытылған парызды» Шунри Мустафа, Абд ас-Саляма Фарадждың еңбектері Ибн Таймийдің айтылған үзінділерімен жинақталған. Жухайман Аль-Отейби осы ғалымның түсініктемелеріне, тұжырымдамаларына анықтама берді: «Ислам фундаменталистерін бұл анықтамада екі сұрақ қызықтырады. 1) Егерде адам шарифатпен жүрмесе ондай адамды мұсылман деп атауға бол ма? 2) Егерде ел билеуші ескі исламның заңда-

рымен басқармаса не істеу керек?» дегенді айтады. Егер біз бірінші сұрақты қарасақ, онда XIII ғасырда Сирияның шығыс жағы монғолдар шапқыншылығына ұшырап, сол жерлер «Ильхан» мемлекеті деп аталады. Олар XIII ғасыр аяғында суннит ағымы бойынша Ислам дінін қабылдады. Монғолдар өз еркімен «шахад» айтты. (Аллахтан басқа құдай жоқ және Г. С. Мұхамед оның елшісі) Олар күніне 5 уақыт намаз оқып, рамазан айында ораза тұтты. Олар шынайы мұсылмандық жолға түсті. Олар шарифат заңдылықтарымен емес, Шыңғысхан жазған «ұлы Яса» заңымен жүрді. Шарифат заңдылықтарымен «ұлы Яса» заңдылығының кейбір жері бір-біріне қарама-қайшы келеді. Осыдан келіп мұсылмандар арасында олармен соғысу керек пе, әлде оларға қарсы «жиһад», екі суниттік мемлекет қақтығыса ма деген ой туындады. Ибн Таймийя көп ғалымдар сияқты дәстүрлі көзқарас ұстанған жоқ. Монғолдардың шарифатқа негізделмеу себебінен және кімде-кім Ислам заңы яғни, шарифатты ұстамаса кәпір деп атады. Ол өз жазбаларында Құранды алдыға ала отырып, Г. С. Мұхаммед суннеттерін орындамаса ол адамдар «шахад» айтса да ол адамдармен «күресу керек» дейді. Күрес күніне 5 рет намаз оқымаса, зекет төлемесе, рамазан айында ораза тұтбаса, Қағбаға бармаса жүргізілу керек және олар тиым салан нәрселерден алшақ болу, өз туыстарына үйлену, арам тамақты жеуден бастарту керек.

Ибн Таймийя мұсылманның парыздары мен харам заттары туралы еңбек жазып, тізім құрған, бірақ Ибн Таймийя өз жазбасында мұсылмандықты бұзу үшін, яғни кәпір болу үшін неше пунктін бұзу керек дегенді айтпаған. Қазірге дейін бұл еңбек жөнінде дау жүріп жатыр.

Ал, Монғолдарға келетін болсақ, бұларға деген көзқарасты ұлы ғалымның шәкірті Ибн Касир (1300-1393) ж. 44 аятың 5 сүресінде Құраннан үзінді келтіреді: «Кімде-кім Алла жібермеген заңдарға сүйенсе, ол адамдар кәпір». Жер бетіндегі заңдар тек адамдардың нәпсілеріне және қажеттіліктеріне арналған дегенді айтады. Ал, адамдар тек қана шарифатқа ғана бағынуы керек, Шарифат Алланың жер бетіне жіберген заңдылығы оған адамдар мойын ұсыну керек дейді. Арабияда

монғолдарды жахимия дейді, себебі, монғолдар Ясы заңына бағынды, олар дінсіздер, сондықтан олар шариғатқа мойын ұсыну керек, олармен оны мойындағанша күресу керек. Билеу жүйесіне байланысты тұжырым былай түсіндіріледі «сен үкіметке бағынуың керек және үкіметке қарсы көтеріліске шықпауың керек. Егер билеуші оған бұйрық берсе, ол бұйрықта ол сені күнә жасауға итермелесе, онда сен оған бағынбауға және оған қарсы шықпауың керек». Ал, Ибн Таймийя өз ойын былай дейді «Егер де үкімет Ислам алдындағы өз парызын орындамаса және Ислам заңдылығын бұзуға жол берсе, онда ол үкімет халықты басқара алмайды. Ол онда дінсіз үкімет деп есептеліп, оған қарсы жихад басталып, бұл үкіметті шариғат заңдылығы бойынша құлату керек» деген тұжырым жасайды. Ибн Таймийя берген тұжырымдар әр түрлі исламдық діни-саяси ұйымдармен тез сатып алынды. Бұл идея жалғасын Ваххабизм ағымы жалғастырды. Бұл діни идеологияның негізін салған XVIII ғасырда Арабияда пайда болған Мұхаммед ибн Абу әл-Уаһхаб. Ол болашақ исламның суниттік бағытындағы діни — саяси қозғалысты ұйымдастырушы. Оның ілімінің өзегі Алланың жалғыздығы болды. Қоғамдық — саяси салада Уаһхаб әлеуметтік үйлесімділікті, барлық мұсылмандардың туысқандығы мен бірлігін уағыздады, исламның моральдық – этикалық принциптерін қатаң сақтауға шақырды, сән-салтанатқа, пайда күнемдікке бағытталған құмарлықты айыптады. Іс жүзінде ваххабизм адамдарды қасиетті деп санаудан бас тартты, олардың ойынша ол көп құдайлықты туғызды. Ваххабит еместердің бәрі кәпір, яғни дінсіз дегенді меңзейді. А. М. Василевтің көзқарасы бойынша ваххабиттар шақыруына келмегендердің бәрі кәпір". Араб елдерінің біразы ваххабиттарды қолдап келген бірақ, ваххабиттар өз мемлекеттерінің басшыларына қарсы шығып, олар елден қуылады. Ол көптеген елдерде өз жақтастарын тауып, олар арқылы үлкен қаржылай көмек алып отырған. Ваххабиттарды қазірде қолдайтын елдер бар және олар Саудтар мемлекетінің тұңғыш ресми идеологиясына айналды.

Исламдағы фундаменталды топтардың ішінде үлкен және кең таралған идеологтардың бірі XIX ғасыр идеологы Джамаль

ад-Дин аль-Ауғани және Рашид Рида. Бұл адамдар өз еңбектерін Ибн Таймийдің еңбегін негізге ала отырып жазған. Олар мұсылман әлемін жазалауға, вестернизацияға (батыстануға) қарсы болған. Бұл идеологияның дамуына «Мұсылман бауырлар» тобының негізін салушы Хасан аль Бонна үлес қосты. Хасан Аль Бонна билік басындағы элитаны үлкен күнәға батқан деп, оларды мұсылман емес деп есептеді. Ол мемлекет ішіндегі күресті мұсылмандар мен жолынан тайған мұсылмандар күресі деді. Мемлекеттік билікті қолға алу үшін аль-Боннаның ойы бойынша «Мемлекеттік билікті қолға алу үшін қоғамды қолға алу керек, яғни жаңа буынды Ислам тәрбиесінде, хақ мұсылман ретінде тәрбиелеу» керек деп пайымдады. Қара халықты өзіне тарту мақсатында насихаттық үгіттеу жұмысына көп мән берген. Осыған қарама-қарсы ретінде фундаменталистер өз қарсыластарын дінсіз, яғни кәпір деп қарастырады. Олар аз ғана топпен қимылдайды, олар қашанда халық бізді қолдайды деп ойлайды. Араб емес теоретиктердің ішінде пәкістандық Абу-ль-Аля Маудуди «Джамаат-и Ислами» қозғалысын басқарған М. Х. Хейналдың «Төрт бейне» деген кітапты С. Кутба түрмеде оқып, сол арқылы діни араб экстремизмінің шығуына әкелген дегенді айтады. Ислам фундаментализмінің негізін салушылардың бірі С. Кутб «Мұсылман бауырлар» идеологиясынан шығып өз концепциясын көтере бастады. С. Кутб өз концепциясына Маудудидің «шынайы» Ислам қоғамының даму қағидасын алдыға алды. Ол қоғамды әр түрлі сатыларға бөлді, бірінші саты — әлсіз саты (истидаф) онда ол қоғамнан өзі шеттетілуі керек және ол өсіп, өніп жиһадқа дайын болу керек. Маудуди исламның негізгі теоретигі ретінде экстремист болған жоқ, Маудудиді фундаментализмнің атасы деп де айтуға болмайды. Атасы ретінде Хасан аль-Бонна жатады. Құранды қазіргі кезде екіге бөлу басталады. Бірінші Құранның мағынасы, түсінігі, ол мәңгі және нақты-тарихи шамалы бөлігі (бұл бөлікте: тиым салу, тәрбиелеу т. б.) кіреді. Ислам тарихын зерттеушілердің айтуы бойынша Құранның екінші бөлігі VII б. і. іске асырылып, пайдаланылған, ал, қазір оны пайдаланбайды. Исламдық фундаменталисттер мен экстремистер өз тұжырымдарында құран-

ды бірінші бөлім және екінші бөлім деп бөлмейді. С. Кутбаның «ұзын жол» деген кітабында Ислам зерттеушілері діни пірадарлар туралы ештеңе айтылмайды. Көбінесі құраннан үзінді келтірілген. Ислам фундаменталистері мен экстремистері тек қана құранға сүйенеді, құранда жазылмаса тек пайғамбарымыздың сүннетіне сүйенеді деген тұжырым бар. Ислам фундаменталистері мен экстремистерінің идеологтары классикалық мұсылмандық құқықты, иджма, қияс, мұсылман құқығы фикхты да мойындамайды. Оларды жазған мазхабтарды кәпір деп санайды. Әрине, бұл мазхабтар әлемнің, қоғамның өзгеруіне байланысты жазған болу керек.

С. Кутб Құраннан кейін шыққан, трактоваларға өз көзқарасын былай білдіреді: «Егерде Құран мен сүннетте біз іздеген сұраққа нақты жауап тұрса онда, иждихатқа орын жоқ, ал Құран мен сүннетте ондай сұраққа жауап болмаса, онда иждихат принципі бойынша болады». Ислам фундаменталистері бойынша Құран және сүннет адамзаттың адамгершілігінің үлгісі болып табылады, олардың ойынша адам қолымен жасалған әдет-ғұрып, салт-дәстүр, әртүрлі заңдар т. б. заттар қоғаммен қабылданбауы керек. С. Кутб былай сұрақ қояды: «адамзаттың мәселесі бойынша бірінші не тұруы керек? Бірақ, Алланыкі дұрыс па? әлде адамдікі дұрыс па? деген сұрақ туады». Осындай мәселенің бірін С. Хаууа көтереді. Біз шариғатқа қарсы келмейтін қоғамдық пікірдің бірін қабылдаймыз, ал егер қоғамдық пікір шариғатқа қарсы келсе ондай пікір қаралмайды және есепке алынбайды.

Осы пікірлерге қарағанда Ислам фундаменталистерінде жамандық пен зұлымдық қашанда күрес үстінде деген ой қалыптасқан. Жақсылық күштерін Алла басқарады, жамандықты шайтан басқарады деген пікір айтып отыр. Бұл күрес әртүрлі бағытта жүзеге асады. Адамның психикасынан басталып, дүниежүзілік соғыспен аяқталады. Бұл көзқарастарды айта отырып, егер де кімде кім бізбен болмаса, ол бізге қарсы. Ахмед Шукри Мұстафа сот залында былай деді: «Сендер жердегі еркек, әйел, жекеменшік, әскер, қару-жарақ, конституция, әр түрлі ырымдар, жердің үстіндегі дүмпу, су толқыны, осының бәрі құдайдың дұшпандарының жердегі тығылатын

бекіністері, бұның бәрін шайтан басқарады» дейді. Бұл пікір әрине, кеңейтіліп тарихи заңдылықтарға сүйенген және бұл ислам фанаттарының көзқарастары.

Зұлымдық пен жақсылықтың күрескен кезінде, жақсылық өлшемі болып, Алланың бірлігіне сену болып табылады. Бірақ, ислам фундаменталистері, одан әрі барып, жақсылық пен сенім бір-бірінен бөліп алынбайтын зат дегенді айтады және жамандық сенімінің жоқтығын айтады. Олар былай деп түсіндіреді: «Аллаға деген сенімсіздік шексіз зұлымдық белгісі болып табылады, ал сенімнің қабылдануы жақсылықтың дәлелі ретінде қабылданады». Сондықтан құдайға сенбейтіндер қанша жерден жақсы болып көрінгенмен де ол кәпірлер, сондықтан олар мен күрес жүргізу керек дейді. Ислам фундаменталистерінің ойы бойынша бүкіл адамзат тарихы Аллахтың бағыт-бағдарымен істеліп отыр. Адамдар тарихты жасай алмайды, олар мен тарихты жасайтын Аллахтың бағыт-бағдары. Мұсылмандар Ислам қоғамын құру үшін олар өз күш-жігерін жұмсаса да, онда тек адамдар сол толқының адуына ғана ат салысады. Бірақта олар исламның жеңуін автоматты түрдегі жеңіс деп санамайды, оған мұсылмандардың қосқан тек үлесі ғана дейді. С. Кутбтің «адам сапасының қазіргі өмірге лайық заңдармен тәртіпке шақыруға болатынын және оның орындау керектігін мойындамайды». Адамдар қоғамдық тұлға негізін шығара алмайды. Адамзат ақылының, құдай ойына қарағанда өте төмен екенін көрсетеді және Алланың қоғам құрылысы қалай болса да соған бағыну керек, яғни С. Кутб көзқарасында «Адамзат баласына ақиқат берілді, бұл ақиқатты іздеудегі соңғы инстанция болып табылады, бұдан артық ойлау адамға берілмеген және әрі қарай ойлау, бірдеңе жасаймын деп тырысу жеміссіз және адамға зиянды болады» дегенді айтады.

С. Кутб өз ойын әрі қарай жалғастыра отырып, «Ол әмбебап заңның концепциясын ұсынады. Бұл заңға табиғат және адам, бүкіл ғалам бағыну керек. Табиғат өз заңына бағынады, ал адамдар үшін Алла тағала шарифатты берді. Бұл шарифат заңы әмбебап заң болып табылу керек және табиғатпен үйлесімді өмір сүру керек және адамзаттың ішкі жан дүниесін,

оның жүріс-тұрысын реттейді. Басқа сөзбен айтқанда адамдарда шариғат заңдарымен өмір сүру тумасынан қалыптасқан және бұл заңмен өмір сүргісі келеді, тек зұлымдық қана адамды ақиқат жолынан тайдырады.

Осындай ойларды қорыта келе Ислам фундаменталистері қоғам және мемлекет шариғат пен өмір сүру керек және бұл жүйені іске асыру үшін «шынайы» мұсылмандарға жүктеу керек деген тұжырым айтады. Олар мемлекет билігін қолға алғылары келеді, оны күш көрсету арқылы «шынайы» мұсылмандар басқару керек дейді. Исламистер мемлекетті басқару арқылы қоғамның саяси, әлеуметтік, мәдени, экономикалық жүйесін түбегейлі өзгерте алады (деген) және бұл іс әрбір мұсылманның парызы деген тұжырымға тоқталады.

Ислам фундаменталистерінің ой тұжырымына тоқталатын болсақ, мақсаты «Алланың алдыға қойған міндетін орындап яғни, қоғам құрып және оны жер бетінде ұстап тұру, ол қоғам шариғаттық заңымен жүру керек». Шынайы дінге сенімділер үшін осыған талаптану міндет. Қазіргі қоғам Исламдық қоғамға жатпайды, керек жағдайда оны Исламдық қағидаларға жүйелендіріп жасау керек, осыған орай елдегі саяси билікті күшпен басып алу міндет. Мемлекеттік билікте «шынайы» мұсылмандар болуы шарт. Ислам қағидаларымен тәртіпті орнату әрбір мұсылманның міндеті және парызы. С. Кутб "Құранның жетінші аятының 98 сүресін яғни: «Егер кімде кім жақсы істер жасауға талпынып, жақсы істер жасаса, онда олар жаратқанның ең сүйіктісі, жақсысы» қағидасына сүйеніп, ең «дұрыс іс» бұл Алланың заңдарын жер бетінде орнату. Бұл тұжырым әрі қарай дами түссе өң қорытындысында «шынайы» мұсылман сенімін ішінде ұстамай, ол сенімін сыртқа шығарып, ол сенім мұсылмандық істермен дәлелдену керек. С. Кутб Батыс Еуропаны Исламның жауы деп танып, Ислам әрбір адамның жеке жұмысы емес, оны қоғамның алынбас бір бөлігі ретінде қарайды. Ислам фундаменталистерінің ойы бойынша Алла тағаланың шариғатынсыз құрылған қоғам Алла тағалаға қарсы жасалған қылмыс деп танылады. Бұның негізі хақимия да негізделген. «Хақимия» термині Ислам фундаменталистері арасында үлкен дау-жанжалға апарып соқты. «Мұсылман ба-

уырлар» тобы бұл түсінікке өз қарсы көзқарастарын білдіреді. «Мұсылман бауырлар» тобын Хасан аль-Боннадан кейін басқарған Хасан Исмайл Худайби өз кітабында ("Дуат ля қудай") «Уағыздаушылар соты» емес хақимия терминін сынға алады. Бұл термин жаңадан ашылған деп және Құранда және суннетте жоқ екенін айтады.

Хақимия қорытындысы ретінде Ислам фундаменталистері «Аллахтың әмірімен жаратылған нәрселер өздері заң шығара алмайды тек аллахтың заңына ғана бағыну керек». Адамдар заңы билікті қолға ала алмайды, тек оны орныдауға ғана жаралған. Хақимия Аллах тағаланың бір алынбас рәміздері, оған кімде-кім қарсы болса немесе өзіне тағып алғысы келсе ол адам кәпір. Сондықтан оны жеке меншікке емшік ала алмайды.

Бұл әлемде ешкім де, ештеңе де Ислам заңдарын түзете алмайды. «Мидл Ист» журналына сұхбат бергенде «ат-Талия аль-Мунатилия» тобыны басшысы адамдар өз өздерімен заңдық жүзінде басқара алмайды, адамдар мен Алланың заңы басқару керек.

Хақимияны мойындау мемлекет құрлысының бүкіл түрін жоққа шығарады. (Демократия, диктатура т. б.) Ол тек теократия билеуі керек дегенді айтады. Шарифаттан басқа заң адамдар үшін жүрмеу керек, ол заңдарға бағыну қате, ол үлкен күнә. Егер үкімет шарифатқа қарсы заңдар шығарса, ондай үкімет Аллаға қарсы шыққан болса және ол үкімет басқаруы құқықсыз және кәпір. С. Кутбтың айтуы бойынша: «Басқа қоғамдар туралы айтатын болсақ, бұндай қоғамды джахимия деп атаймыз, олардың өмір сүру қағидасы Аллаға бағынуға негізделмеген. Олар біраққа құдайдың бірлігін таныса да, Алла жіберген заңды біреудің қолына берген». Осы билік құрған жүйеде яғни, за, әдет-ғұрып, салт-дәстүр бәрі осыған бағынады.

Тағы бір Ислам фундаменталистерінде кездесетін элементтерінің бірі — махдизм. Махдидің келетініне, әлемде Аллах сотының сақтауға келуі суннит ағымында кең тараған. Ислам тарихында көп адам өзін махдимін деп жариялаған. Солардың ең соңғысы болып ХІХ ғасырда Судан да махдилік қозғалысты басқарған Мухаммед Ибн Ахмед болып табылады.

Қазіргі біздің уақытта махдизм идеялары ерекше басталады. Көптеген фундаменталистік топтардың көсемдері өздерін махдиміз деп есептейді. Осындай топ көсемдерінің бірі болып «ат Такфир ва-ль-хиджра» өзін махдимін деп жариялаған. Бұл топқа кіру үшін ол адамның махди екенін мойындау керек. Адам мойындамаса ол адам исламға қарсы шыққан болып есептелінеді және ол топқа қарсы шығушы делінеді.

Саад ад-Дина Ибрагимнің мақаласында Ислам экстремистерімен сұхбатында «ат-Такфир ва-ль-хиджра» тобының мүшелері махдизм туралы ештеңе айтпаған. Бірақ бұл топта Шукр Мустафа Алла тағаланың өзімен жер бетіне Ислам заңдылығын орнату үшін жіберілген дегенді айтады. (бұл қызмет махдидің қызметі болып есептелінеді).

Бүкіл Ислам фундаменталистері өздерін-өздері Махдиміз деп жария етпейді, олар «қасиетті соғысқа барлығын шақырады»

С. Хаууаның ойынша: «Махди мұсылмандардың таза жеңісінен кейін ғана жер бетіне келеді дегенді айтады».

С. Кутб «ұзын жол» деген кітабында Махди туралы айтпайды. Израиль Альтманның ойын экстремизммен байланысты деп айтуға болмайды және ол Ислам дінінің бір шарттары, сенімдері бұған бүкіл мұсылман жұртты сенеді. Сонымен Ислам фундаментализмі дегеніміз- тұғырға оралу, қайтып келу деген мағына береді. Фундаментализм 2-ге бөлінеді: Бейбітшілік фундаменталистер және экстремистік фундаменталистер.

Егерде жоғарыда айтылған теориялар жүзеге асатын болса онда біз Ауғанстан, Судан т. б мемлекеттерге ұқсап бірнеше ғасырға артқа жылжуымыз мүмкін.

6. ИСЛАМ ФУНДАМЕНТАЛИЗМІНДЕГІ ЭКСТРЕМИСТІК АҒЫМДЫҚ ТОПТАРДЫҢ ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ МӘНІ

Радикальды Ислам топтары ислам діні жоғалып кету қаупінде тұр дегенді айтады. Исламды сақтап қалу үшін, шынайы мұсылмандар бірігіп білекті болып алу керек. Ислам фундаменталистерінің соңғы мақсаты, яғни саяси басқарылатын және заңды жүзде шарифатпен билік жүргізетін мемлекет құру. Қазіргі кезде фундаменталистердің бұндай мақсатты үш елге жетті: Иран, Судан, Ауғанстан. Басқа мұсылман елдерінде олады заңнан алшақ ұстайды, бірақ, олар Сирияда, Иракта, Алжирда, Туниста қоғамдық-саяси пікірге өз ықпалы бар. Ислам фундаментализмінің түпкілікті мақсаты: «Ислам заңдылықтарын сақтамағандарға қарсы күрес жүргізу». Ислам идеологтарының пайымдауынша «жиһадты» Исламның алтыншы парызы ретінде қалыптастыру керек. Құрту және күш қолдану арқылы, тотальдық қырып-жою «жиһадтың» әдісі мен тәсілі болып табылады.

Бүкіл мұсылман халқына «жиһад» (қасиетті соғыс) жариялау бұл үшінші дүние жүзілік соғысқа әкеледі.

Әлемде ең ескі және көне Ислам фундаменталистерінің тобы болып «мұсылман-бауырлар» бірлестігі болып табылады. Оны 1928 жылы Египетте мектеп мұғалімі Хасан аль-Бонна құрған. Бұлардың түпкілікті мақсаты болып Ислам қоғамын, ислам мемлекетін құру болып табылады. Ислам мемлекеті Ислам заңдары яғни, Шарифатпен басқаруылуы керек.

Ислам фундаментализмінің бір ағымы ретінде Ислам экстремизмін айтамыз. Аль-Акса мешітінің имамы муфти Икрам Собридің айтқан сөзінен үзінді «О мұсылмандар! Бәріміз даусымызды көтеріп Америкаға және Англияға қарсы шығайық, Израиль біздің жерлерімізді басып алады және жерімізде өз заңдарын орнатады. Бұл істер терроризм емес пе? Америка терротистердің басшысы. О Алла Американы құлат! Ақ үйді қара ғып боя! Оның агенттерін және жақтастарын құртшы».

Біз өз типологиялық жіктеуімізде Исламдық экстремизмді фундаментализмнің бір тармағы ретінде қараймыз. Экстремизмге анықтама беретін болсақ, ол халықтың көпшілігінің саяси элитаға сенбеушілігінен туындаған ұшқын ретінде қараймыз. Ислам фундаментализмі халықты күш көрсету арқылы билік басына шынайы мұсылман келу керек дегенді меңзейді. Қазіргі кезеңдегі ағым идеологтары, Исламдағы фундаментализм ағымының идеологтары, яғни негізін салғандар болып ғалымдар жатады: М. Сейид Кутб, Саид Хаууа, Ахмед Шукри Мустафа, Абд ас-Салям бұлар ескі кезде негізін қалағандар, ал қазіргі кезде /негізін салған/ ізін жалғастырушылар болып Джухайман аль-Отейби Абу рахман Фарадж және т. б. радикальды топтардың идеологтары болып табылады.

Қазіргі кезде экстремистік топтардың ықпалы ерекше. Ислам экстремистері өзара тығыз қарым-қатынаста. Олардың жалпылай екі жаулары бар: Батыстық өмір сүру салты және Израиль, Еврейлер. Олар туралы былай ойлайды: Исламның қасиетті жерлерін басып алған кәпірлер. Олармен тығыз байланысқа шығаратын бір түрі Ислам фундаментализм идеологиясы. Олар үлкен радикальды ислам мекемелерінен қаржылай көмек алып тұрады. Кейбір кезде Ислам экстремизімін шейттік және суниттік ағымға бөлгісі келеді, бірақ бұндай бөліну өте киын. Мысалы, шейттік Иран суниттік фундаменталистерді жақсы қолдайды. Суннит экстремистері, шейт экстремистерімен қатты байланыста. Олардың арасында жалпылығы көп, ерекшеліктері аз.

Ислам экстремизмінің негізін түсіну үшін, Ислам фундаментализмінің ерекшелігі және мәніне тоқталайық.

Бұл Исламның радикальды түрі, Ислам мемлекеттеріне «бұрынғы ұлылықты» қайтарып әкелу. Шынайы мұсылмандар батыстық құндылықтардың өмір сүру салтынан аластау керек. Олар яғни, шынайы мұсылмандар Исламның қайнар көздері, яғни фундаментіне, тұғырына қайта оралу керек.

1950 жылы «Мұсылман-бауырлар» идеологы болып Саид аль Кутб болды, оның мамандығы мектеп мұғалімі және әдебиеттанушы. 1948-1949 жылғы Араб-Израиль соғысынан кейін және АҚШ-та болған сапардан соң, оның көзқарасы Ис-

ламның радикальдық көзқарасына өзгерді. Ол 1965 жылы (аль-Кутб) «ұзын жол үстінде» деген кітап жазды. Ол кітап Ислам фундаментализмі мен экстремизмінің негізгі кітабі болып табылады. Аль-Боннадан гөрі, аль Кутб Ислам елдерінде Ислам қоғамы бейбітшілік жолында құрылатынына үмітте болды. Қазіргі Исламдық қоғам «джахимия» (ислам орнағанға дейінгі кез) сондықтан ислам қоғамы әлсіз және рухани құндылығы жағынан жұтаң, сондықтан бөтендердің ықпалында кетуі мүмкін. Нағыз мұсылмандардың міндеті — бұндай қоғамнан алыстап, өз сыбайластарының арасында болу. Бұл бөліну арқылы олар сенімдері қатайып, ол өзіндігін сақтап қалады және өте шағын ислам қоғамын құрады. «Мұсылман-бауырларда» жиһадақа ұмтылуы керек, ол қасиетті соғыс варварлық қоғамға қарсы және билікті қолға алып «шынайы исламдық» қоғам құру керек деген тұжырым пайда болды. Сонымен, жиһад шынайы мұсылмандардың «кәпір» қоғамға арнаған азаматтық соғысы. Осыдан кейін бүкіл Ислам фундаменталистерінің және аль-Кутбаның «Алла кіршіксіз, Мұхаммед (с. ғ. с) көсем, жиһад-мақсатқа жету құралы. Алла үшін өлім-әркімнің арманы!» деген ұраны пайда болды.

Аль Кутбаның идеялары арқылы «Мұсылман-бауырлар» тобы экстремистік топқа айналды. Олар террорлық әдіс пен тәсілдерді де көп қолданатын болды.

«Мұсылман-бауырлар» идеологиясының рәмізінде бір-біріне айқасқан қылыш пен құран көрсетілген. 40-жылдың аяғымен 50-жылдың басында «Мұсылман-бауырлар» Египетте көптеген саяси өлімдерге кінәлі болды. 1945 жылы Египетте сол кездегі үкіметті басқарған Гамаль Абдель Насерге (кейіннен президент болған) жасалған қастандықтан кейін олардың ұйымдарына үкімет қатаң тыйым салды. Көптеген «мұсылман бауырларды» өлім жазасына кесті, абақтыға отырғызды.

Бұл ұйымның қайта құрылуы 60-жылдың аяғы мен 70-жылдардың басында болды. Қазіргі кезге дейін олардың штаб-пәтерлері Сауд Арабиясында орналасқан. «Мұсылман-бауырлар» аймақтық топтары Ауғанстанда, Бахрейн, Египет, Иордания, Йемен, Катар, Кувейт, Ливан, Пәкістан, Сирия, Судан, Түркия және Англия, Дания, АҚШ, Франция, Германия және

Швейцарияда орналасқан. Әлеуметтік қабатына келетін болсақ; жобалай алғанда 50 пайызы студенттер мен зиялы қауымнан тұрады, 25-30 пайызы ұсақ саудагерлер мен қолөнершілерден тұрады. Бұл қозғалыстың құрамын 28 адамнан тұратын комитет басқарады. Қаржылай көмекті бай елдерден және әртүрлі фирмалардан алады. Ұйымдасқан «Мұсылман-бауырлар» тобы ұсақ топтардан тұрады, олар өздерін «джамаат исламийя» — «Ислам ассоциациясы» деп атайды. Олардың ұсақ тобы 20 адамнан тұрады және оны әмір басқарады, ол өзінің жоғарғы жетекшісіне бағынады.

Осы ұсақ топтарды басқаратын әмірлер мен жетекшілер «усар исламийя» — исламдық жанұя» құрады. Олар екіге бөлінеді. Біріншілері террорлық әрекеттер жасаса, екіншілері Ислам туралы үгіт-насихат, уағыз, т. б. жасауға мамандандырылған. Олар ұйымдастыру, қаржы табу, ұлт құқығын жасаумен айналысады.

«Мұсылман-бауырлар» тобы төртке бөлінеді. Бірінші — бұл «көмектесушілер» (ахмусайд). Бұлар бұл топқа түсу үшін әлі әдет ғұрыптан және Құранды ұстап ант бермегендер, олар «сынақ мерзімін» өтіп жатыр. Екінші — «қосылғандар» (ах-мунтасиб) олар арнайы осы ұйымға ант беріп кіргендер. Үшінші — «кімыл жасайтын мүшелер» (ах-амиль), олар өз ойларын істерімен дәлелдегендер. Соңғылары «бауырлар» олар жалпы іске күрескерлер (аль-муджахид) басқару ядросын құрады. Бұл топтардан басқа «Сеид» атты топ бар. Олар рухани басшылар мен көсемдер. Олардың айтқан ойлары (фатва) террорлық әрекеттерге бағыт береді.

Содырларды дайындау арнайы лагерьлерде жүзеге асады. Бірінші кезеңде оларға қуғыннан қашып құтылуды, автокөлік жүргізу, алғашқы медициналық көмек көрсетуді және т. б. үйретеді. Екінші кезеңде қолдарына қару-жарақ ұстау, диверсиялық іс-қимылдардың әдіс-тәсілдері т. б. үйретіледі. Үшінші кезеңде тәжірбиеден және соғыс кезінде бақылаудан өтеді.

«Мұсылман-бауырлар» ұйымы жасаған аты шулы терактілер: Сирияда 1972-1982 жылдары «мұсылман-бауырлар» ауыр террорлық әрекеттермен үкімет басына келгісі келді. 1970 жы-

лы маусым айында Алеппо қаласындағы орналасқан әскери училище курсанттарына оқ жаудырған және Хамби қаласының училищесінде жарылыс ұйымдастырған, соның салдарынан 112 адам қаза тауып, 54 адам жарақат алған. Бір жылдың ішінде олар жүз адамдай өлтірген оның ішінде — журналистер, шенеуліктер, полиция қызметкерлері бар. 1981 жылы террористер өз мақсатына жету үшін автокөліктерге жарылғыш заттар салып, жарған. Ол жарылыс әскерге шақыру пунктінде болған. Соның салдарынан 90 адам қаза тауып, 135 адам жараланған.

Олардың мақсаттарына жетудегі соңғы нүктесі 1982 жылы 2-ақпанда Хам қаласында болған көтеріліс. Бірақ, Сириялық әскерлер көтерілісті ғана бұқтырды. Көптеген «бауырлар» тұтқындалып, көбісі оққа ұшты және әскери трибунал бойынша өлім жазасына кесілді.

Бізге белгілі Египет Араб-Израиль соғысының төртеуіне де қатысты. (Кэмп-Дэвидте 1978 және 1979 жылы Вашингтонда) болған келісім Египетке бейбітшілік әкелді. Египетке бұл келісім бейбітшілік әкелсе, Араб елдері бұл келісімді сатқындық деп таныды. Г. А. Насер 1970 жылы өлгеннен соң Президент болып Ануар Садат сайланды. Насермен жақын жолдас болғанмен ол социализм және коммунизмнің қатты жақтасы болған жоқ. Оның Насердан айырмашылығы ол АҚШ қа мойын бұрып тұрды. 1971 жылы қару-жарақ алуға Саадат Москваға келді, бірақ ол Брежневпен келіспей қалады. Олардың келіспеген себебі "Израильмен соғысар кезде Москвадан рұқсат сұрау керек болған. Оған Саадат қарсы болып, Египетке қайтып оралып, АҚШ пен қарым-қатынасты жақсарта түседі. 1981 жылы Саадатқа бірінші қастандық жасалды, бірақ ол, сәтсіз аяқталды. Террористер ұшақ ұшатын ұшақ алаңын миналаған. Бірақ террористердің бұл қастандығы тағыда сәтсіз болды. Екінші рет оны өз бағында серуендеп жүргенде оқ атады, бірақ оқ оның көмекшісі ғана жарақаттанады. АҚШ Саадатқа «Дельта Фор» атты тобын қарауыл қылып жіберген. Ол кезде Египет президентінің күзетшілері дүниеде ең күшті күзетші болатын. 1981 жылы 6 қазанда Каирде өткен әскери шеруге Саадатта қатысты. Сол кезде Египет әуе күштері

ұшақтармен айналып, өз өнерлерін көрсетіп жатты. Халықтың көңілі ұшақтарда болды. Сол кезде ауыр жүк машинадан үш солдат және бір офицер секіріп түсті де Саадат тұрған трибунаға жақындайды. Күзет қызметі оларды президентке ілтисат көрсетуге келе жатыр деп ойлады, бірақ олар үш граната және автоматты атып Саадатты жаралайды. Саадат ауруханаға жетпей көз жұмады.

Тергеу үстінде анықталғандай қастандық жасауда төрт адамнан басқа снайпер қатысқан. Осы өлімге кінәлі болып «Мұсылман-бауырлар» тобының ұсақ бір тобыры, яғни «Әль-жиһад» (қасиетті соғыс) ұйымы ұйымдастырған болып шықты. Ол кезде оны Мұхаммад Абдусалам Форадж басқарған еді.

Ауғаныстанда соғыс жүріп жатқанда Кабул тәртібінің құлағанына дейін 1992 жылы «Мұсылман-бауырлар» тобымен АҚШ-тың материалдық көмегі арқылы Хикматиярлар мыңдаған Исламдық еріктілерді жіберді. Олар арабтар, түріктер, күрдтер сияқты ұлт өкілдері болатын. Олар моджахедтердің жеңісінен үлес қосқан жоқ. Олар өз демеушілерінде қарсы шықты. «Хикматиярлар Саддам Хусейнді және Алжирлік ИОРС ті қолдады».

1994 жылы Ауғаныстандағы соғысқа Пәкістанның қызығуына орай «Талибан» қозғалысы қатыса бастады. Бұл Исламдағы суниттік аым пікірі бойынша консервативтік-фундаменталистік болып табылады. Бұл қозғалыс АҚШ қа жақсы көрінді. Иран бұл қозғалысты өз мақсатына алған жоқ, себебі, ол Ливанда шейттік қозғалысқа үлкен көмек көрсетіп тұрды. «Талибан» қозғалысына пуштун тайпалары кірді және бүкіл пуштун тайпаларын өзіне біріктірді. Ол тек пуштун халқын емес, сонымен қатар 1992 жылы Кабулды басып алған (тәжік, өзбек, назар елі) этникалық топқа қарсы шыққандар коммунистерді және т. б. топтарды біріктірді.

1994 жылы жаңа жүйе, себептер пайда болды, ол газ еді. Түркіменстан газдың үлкен мол қорына бай. Оны шетке шығаруға Ресей арқылы емес, керсінше Ресейді айналып өткісі келеді, себебі, Ресей газға ақшаны сом арқылы төлейді. Ал Түркіменстанға да газ өте қажет еді. Сонымен қатар Пәкістан Түркімен газының таратудағы басты Орта Азиядағы өкілі

болғысы келді. Сол мақсатта Корачи және Гвадардағы жаңа портты пайдаланғысы келді. «Unitrol Oil of California» саудтық «Дельта» фирмасымен бірігіп газ құбырын салып Түркіменстанды үнді мұхитымен жалғамақшы болды.

Осының нәтижесі ретінде Сауд Арабия, Пәкістан, АҚШ коалициясы Ауған моджахедтерін қолдады.

Сауд Арабиясы, Пәкістан және АҚШ қаржысынан пайда болған «Талибан» қозғалысы Исламды бетке алып, Батысқа тәуелсіз және өзінің саяси рөлі бар қозғалысқа айналды. 1995 жылы «Талибан» қозғалысы бүкіл пуштундар мекен еткен территорияны қола алды.

Соғында тәлібтер бүкіл елді бағындырып, тек елдің солтүстік шығысындағы панджер шатқалындағы ауылды, айлакер тәжіктер басшысы Ахмад Шах Масудты ғана ала алған жоқ.

Тәлібтер Ислам революциясы туралы айтпаса да, Батыстың ықпалына қарсы келді. Ислам тәртібін жүргіземіз, исламдық саясат жүргіземіз деп олар Пуштунизация саясатын жүргізіп отырды. Тәлібтердің істері Ауғанстанды екіге бөледі. 1. Пуштун полюсіндегі Пәкістандықтар және оларды арабтар қолдап көмек көрсетеді. 2. Басқа этникалық топтар (өзбек, тәжік) т. б. Оларға Ресей, Иран сияқты мемлекеттер көмек көрсетеді.

АҚШ бақылау органы ЦРУ Ауғанстандағы соғыс кезінде, Ауғанстанда мыңдаған жалдамалылар келіп соғысқаны (араб, күрд, түрік) т. б. туралы ақпаратты біліп отырды. Американың барлау органдарын бұл алаңдатқан жоқ. Олар Ауғанстанға КСРО-мен соғыс кезінде қару-жарак жіберу мақсаты болды. Картер әкімшілігі ЦРУ-ға Ауғандықтарды қару-жаракпен көмектесіп, оларды өз структуралары арқылы партизан соғысына дайындау мәселесін жүктеді. (Операция Циклон). Осы мақсатта Картер, Рейган, Буш әкімшілігі осы шиеленіске қатысты.

Осы соғыстан кейін 12.5 мың ауған емес солдаттар, мандығы жауынгер соғыс қимылдарына қатысқан.

Осындай 12.5 мың адам бір армияны құрады, өйткені оларға ақша табу керек болды.

Осындай жағдайды пайдаланған Усама Бен Ладен мен оның әріптестеріне Еврейлермен және крестрілермен соғысуға жауынгерлер табылды. Оларда лагерь бола алатындай 650 мың квадрат жер бар. Онда жүздеген лагерьлермен террористер базасын орналастыруға болады. Осы плацдармдар арқылы олар әртүрлі бағытта іс-қимыл жасады. Олардың басты бағытты болып бұрынғы КСРО-ның мұсылман елдері Тәжікстан, Қырғыстан, Өзбекстан, Қазақстан, Татарстан және Башқұртстан болатын.

Ислам фундаментализмінің қазіргі көріністерінің бірі — ваххабизм. Бұл діни идеологияның негізін салған Мұхаммед ибн Абу әл-Уаһхаб. Ол XVIII ғасырда Сауд Арабиясында өмір сүрген. Болашақ исламның суниттік бағытындағы діни-саяси қозғалысты ұйымдастырушы. Он жасында қасиетті Құранды жатқа білген. Оның негізгі саяси ойлары былай түсіндірілген: а) бүкіл мұсылмандар оның өмір сүріп жатқан ортасына қарамай олар бауырлар; б) олар исламдық моральдық-этикалық қағидаларды қатаң сақтау керек; в) сән-салтанатқа, пайдакүн емдікке тиым салыну және сыпайы мұсылманның өмірі исламға арнаумен және исламды таратумен өту керек; г) «жолдан таюуда» ағымға қайтару керек, оны күш пайдаланумен де іске асыруға болады; д) кәпірлермен және көпқұдайшыларға қарсы тұратын жиһад қолдану қажет (қасиетті соғыс).

Ваххабизм ілімі Сауд Арабиясының ресми идеологиясының негізі болып табылады. Оның ізбасарлары көптеген мұсылман елдерінде бар. Бірақ Сауд Арабиясында және т. б. елдерде бұл термин айтылмайды. Оның орнына «исламдық қозғалыс» деген термин қолданылады. Қазіргі ТМД мемлекеттерінде, оның ішінде Кавказ елдерінде кең етек алды. (Шешенстан, Дағыстан, Өзбекстан, Тәжікстан және т. б.)

Исламды ТМД мемлекеттеріне таратуда Сауд Арабия елшілігі мол үлес қосып отыр. Әртүрлі ұжымдарға қаржылай көмекті Бүкіл әлемдік ислам лигасы береді. Шамиль қоғамы, «Король Фахдтық медресесі» т. б. ұйымдарда көмек береді.

1992 жылы Шешенстанда және Дағыстанда Ваххабизм идеяларына үгіт-насихат кең ауқымда жүргізіле бастады. Жаңа ілімді таратушы болып тегі Иордандық бірақ, АҚШ азаматы

Фатхи болды. Ол Ауғаныстандағы соғысқа қатысқан. Ол жастарға үгіт-насихат жүргізді. Оның тәрбиеленушілері кейіннен «шариғаттық» әскери жасақтардың командирлері болды. Олар идеологиялық түрде дайындалғаннан кейін, оны, тегі иордандық Хаттабға жүктеді, ол оларды диверсия мен террордың әдіс-тәсілдеріне үйретті.

1994 жылдың жазында Зелимхан Яндарбиев Шешенстанда діни қызметкерлерден арнайы ағымдар жасақтап, Джохар Дудаевты мадақтады. Бұл адамдар Дудаевты «Махди» деп жариялады. Бұл адам шешен халқын тәуелсіздікке әкеледі делінді. Кейіннен Грозныйда мұсылмандар құрылтайы өтті. Ол құрылтайда Ислам мемлекеттін құру керек деген шешім қабылдады. Осындай іспен Ваххабиттар шешен халқының тәуелсіздікке ұмтылғанын өз мақсаттарына пайдаланды.

Ваххабиттер Шешенстанда, Дағыстанда және басқа Ресей аймақтарындағы халыққа Ислам заңдарын қағидаларын орындасандар Алланың нұры жауып тәуелсіздік аласындар деді. Қару-жарақпен исламдық тәртіпті орнату керек. Осының бірі «жиһад» (қасиетті соғыс) деді.

Діни экстремизмінің белең алуының мынадай түрлері бар: полиция қызметкерлеріне қарсы, Копт христиандарына Египеттегі соғыс, Алжирдегі азаматтық соғыс, Шетелдегі кәпірлерге арналған соғыс, Нью-Йорктегі әлемдік сауда үйінің жарылуы, Ануар Саадатқа жасалған қастандық, Мұхаммад Буднафқа қастандық және жасалмақшы іс-әрекеттер. Оларға қаржылай көмекті Иран ислам республикасы беріп отырды. Үлкен тағы бір топтардың бірі бұл «Исламдық жиһад», «Мұсылман-бауырлар» қозғалысының тұғырында құрылған. Оның басшылары қару қолдану арқылы күресуде. «Альтернативтік ислам мемлекетін» құрудағы бір жан дейді. Бұл күрес Ислам мемлекеттеріне арналған Ислам ағымының ауытқыған және «Мұсылман-бауырлар» тобын қудалауға ұшыратқан мемлекеттерге арналған күрес. «Исламдық джиһад» фракциясы бүкіл араб мемлекеттерінде және араб емес мемлекеттерде бар, олар онда басқа атпен белгілі. Оларға өз бекіністерін реттеуде Ирандағы Ислам революциясының жемісі үлкен рөл атқарды.

1970-жылы Палестиндік «Ислам жиһады» құрылады. Оның басқа топтардан айырмашылығы және оның басты мақсаты болып Израиль мемлекетімен күрес жүргізу. Палистиндіктердің жері Еврей басқыншыларының азат етілуі тиіс және Палестина Ислам елінің тұғыры болып табылады. Бұл фракция 1980 жылы пайда болған. Газадағы өкілі болып табылатын Фатхим Шакаки басқарды. Ол осы территорияда Израиль окупанттарына қарсы бүкіл күшпен күресу керек деген үгіт насихат айтты. Сол үшін 1988 жылы Израиль үкіметі оны Ливанға жер аударды.

Ф. Шакакиді жер аударғаннан кейін бұл фракция қайта құрылады. Бұл топта онда радикалды көзқарастағы, террористік мақсаттағы сарбаздар пайда бола бастайды. Олардың мақсаты Израиль нысандары мен әскери офицерлер болды. Бұл топтың аты «Бригада аль Касема» бұл, «Изетдин аль Касемге» еріп жасалған топ болды. Бұл топта Абдуллах салах басшы болды. Бұл басшы Газа секторында Иордан өзенінің батыс жағындағы операцияларды басқарды. Қаржылай көмекті Иран ислам республикасынан алып отырды.

1994 жылы қазан айында болған «Сионизмге қарсы жиһад біздің міндетіміз және өмірлік мәніміз» Израиль халқы бәрі жерде, олар қайда тұрмаса да өлтіреміз деді. Бірақ, ислам жиһады ұйымы бұқараға қатты тарай қойған жоқ. Ол ұйымға 150-200 адам ғана кірді. Ф. Шакакиді Иран теле арнасына берген сұхбатында 70-тен тұратын тобы бар екенін айтып мәлімдеді.

Олардың террорлық әрекеттерінің кейбіреуіне тоқтала кетейік: 1994 жылы 20 мамырда — Газа секторында екі Израиль солдатты қаза тапты. 1994 жылы 4 қыркүйекте Израиль потруліне қарсы оқ жауды онда бір солдат оққа ұшты. 1994 жылы қазан айында — Иерусалим қаласындағы диверсияда 23 адам қаза тапқан.

1995 жылы қазан айында Фахи Шакаки Мальтада тұрған. Көп уақыт өтпей бастан 5 оқпен атылған мүрде табылады, ол Фахи Шакаки болып шықты. Бұл іс Израильдің арнаулы органдарының ісі дегенді айтып отыр. Осыдан кейін «Исламдық жиһад» ұйымын Абдолла Шами басқарды. Ол бұрында қаржы,

кару-жарақ т. б. заттарға жауапты болған. «Ислам жиһады» тобы 1991 жылдан бастап өз террорлық әрекеттерін Ирандық «Хезболлах» тобымен жүргізеді. Шакаки өлгеннен кейін бұл қарым-қатынас тоқтаан жоқ. 1997 жылы «Исламдық жиһад» ұйымы Иранмен келісімге отырды. Идеологияға келетін болсақ, «Исламдық жиһад» ұйымы Ирандық шейттік модельді топқа көшті. Статистикаға жүгінсек: "1995 жылы 22 қаңтарда Натани қаласында екі үлкен жарылыстан кейін 18 солдат және бір азаматтың өліп, 68 адам жараланды. 1995 жылы 8 сәуір айында ауыр жүк машинасы ішінде жаралыстан 7 солдат қаза тапты. Осындай фундаментализм мақсатымен террорлық әрекетке көшкен қозғалыстар көп. Иран әлі күнге дейін көмек беруді жақтап отыр, сол арқылы басқада қозғалыстар күш алып отыр.

Орта Азиядағы хизбут тахрир, жамағат ислами т.б радикалдық ағымдағы топтарды Әл-Кайида орталығынан қаржыландыруы бізді алаңдатпай қоймайды.

Сондықтан да Қазақстандағы геосаяси жағдай және исламның бейбітшілік ағымы негізінде суниттік арнамен жүрген жағдайда ғана біз Иран өткен революциядан өзімізді аулақ ұстай аламыз.

7. ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ИСЛАМ ФУНДАМЕНТАЛИЗМІНІҢ САЯСИ –ӘЛЕУМЕТТІК ҚАТЫНАСТАРДАН АЛАТЫН ОРНЫ

Соңғы жылдарда әлемде Ислам елдерінің ықпалы күшейіп келеді. Осы жағдаймен әлемнің үлкен елдері, мұсылман елдерімен санасуда. Пәкістан, Иран, Сауд Арабиясы, Мысыр, Түркия т. б. мұсылман елдері әлемдегі саясатқа өз талаптарын қойып отыр. Мұсылман елдері қолдарына үлкен қаржы түскеннен кейін олар басқада мұсылман мемлекеттеріне және әр түрлі ұйымдарға қаржылай көмек беріп отыр. Әртүрлі мақсатта қоғамдық және үкіметтік емес ұйымдарға, қорларға әр түрлі қорларды өз мақсаттарына пайдаланып отыр. Олар қаржыны қайдан алады деген сұраққа жауап берсек: «Негізгі қаржы табудың басты көзі «наркобизнес» болып табылады».

Көптеген жағдайларда экстремистер мемлекеттік органдардың қолдауына ие болады, оның ішінде арнайы органдармен шектеледі. Орта Азиядағы экстремизмді таратудағы қазіргі негізгі күш болып Ауғанстандағы «Талибан» қозғалысы болып табылады.

Әлем жұртшылығы Ауғандық дағдарыс тоқтамаса, осы елден Орта Азия аймағына үлкен қауіп төнеді деген мәселе бар. Көптеген саясаттанушылар мен қоғамдық қайраткерлердің пікірі бойынша: Ауғанстан ислам фундаментализмі негізінде халықаралық экстремизмнің негізгі ошағына айналып отыр. Ислам көзқарасына желеу ретінде пайдаланып отыр. Ауғанстан жерінде және маңайындағы территория да көптеген жасақтар мен лагерьлер, әскери жасақтарды дайындайтын базалар бар. Содырларды дайындау үшін көптеген қаржы құйылып отыр. Бұл қаржы құюдың мақсаты Орта Шығыстан және Орталық Азияны, Қытайдағы Синь-цзян-Ұйғыр автономдық аймағын Ислам халифатына біріктіру және Джамма мен Кашмир штатын Пәкістанға қосу болып табылады. Бұл жоспарлардың артында үлкен күштер тұр және олар өз мақсаттарына жету үшін қолдан келгеннің бәрін істейді. Кей-

бір шет елдің Бұқаралық ақпарат құралдарында «Талиб» жасақтарының солтүстікке бет алуы мүмкін дегенді айтады. Олар Қазақстан арқылы Орыс Волгасының маңайына барады деген тұжырым бар. Талибан қозғалысының жасақтары Тәжікстан шекарасына жақындап келді. Орта Азияның оңтүстік шекараларына қауіп төніп отыр.

Кейбір мұсылман елдерінде саяси факторға дін ықпалы әсер ететін болды, яғни дін оппозициялық топтардың идеологиясына айналды. Дін арқылы үкімет тәртібіне ықпал еткісі келеді. Осындай ойларды қорыта келе саясаттану ғылымдарының докторы В. Е. Татаренко былай дейді: Радикаль ұлтшылдармен ислам фундаменталистері, ислам дінін желеу қылдырып ашық әскери қауіп төндіру және көрінбейтін Ауғанстанның қаржылай-экономикалық көмегінің арқасында плацдарм құрғысы келеді, сол арқылы Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Қазақстан т. б. елдерді өз идеяларымен басып алғысы келеді. Онда Ресей өз достас мемлекеттерінен айырылып, исламдық әскери-саяси одақпен бетпе-бет келуі мүмкін.

Осының дәлелі ретінде Тәжікстандағы азамат соғысы кезінде, қарсы жақтың біреуі өзін оппозициялық исламдық қозғалыстың өкіліміз деген. Көрші Өзбекстанда «халықтық Ислам» қозғалысы елдің үкіметіне қарсы шығып, елде азамат соғысының бастауына негізгі себепкер бола жаздаған. Үкіметтің жауабы ретінде исламдық қозғалыстарға және діни уағыздаушыларға қарсы үкіметтің біртұтас қатаң бағылауы орнатылған.

Діни экстремистер террорлық әрекеттерге басты мән береді. Осы әрекеттер арқылы олар елдегі жағдайды ушықтыра түсуге әрекет жасағысы келеді. Бұл терактілерді жасағанда арты қалай болады, бейбітшілік халық шығын болады ғой деген ойға олар тоқтамайды. Басты негізге алатыны жағдайды ушықтырып, қоғамның риза болмаушылығын туғызып, ислам фундаменталистерінің келуіне жақсы жағдай туғызу. Үлкен және сәтті жасаған теракт мамандардың айтуы бойынша елдегі жағдайға шок салып, халықтық көтеріліске шығуына бірден-бір себеп: Террор үкіметке қарсы күрестің бірден-бір құралы және үкіметті құлатып, (бұл жағдай Өзбекстан мен Тәжікстан-

да көрініс табуда) билік қысым көрсету арқылы түрмелерден қамауға алынған содырларды босатып ел ішіне іріткі салу.

Ташкенттегі мамандардың айтуы бойынша, ваххабистер елдегі жағдайға қауіп төндіріп отыр. Олардың мойнында қанды қырғынның көп тізімі бар. Бұл тізімде Ферған қаласындағы миллионерлерді өлтірді деген айып тағылып отыр. (Ферған қаласы ваххабизмнің Өзбекстандағы тұғыры болып есептелінеді). Өзбекстан президенті Ислам Каримов бұл мәселе бойынша былай деді: «Мен Президент болып тұрғанда Өзбекстанда ислам тәртібі орнатылмайды». Бұл айтылған сөздер, әр түрлі дәлелденуде. Мысалы: күмән туғызатын мешіттермен Ферған қаласындағы және Намангандағы көптеген адамдар ваххабистермен қарым-қатынаста болды деген айыппен ұсталды. Ташкентте болған сот процессін Ресейдегі ОРТ каналы көрсетті, онда айыпталушылар адвокат алуға құқықсыз болған, мамандардың айтуы бойынша бүкіл сот процессін Ислам Каримовтың сөзі шешкен. Олар айыпты деп танылып, жазасын өтеу лагерьлеріне жіберілді.

Қазақстанның Ұлттық қауіпсіздік өкілдерінің мәлімдеуінше: «Елде ваххабизмді тартуға әрекет еткен күштер бар. Қырыздың құқық сақтау органдары Бішкектегі ваххабистердің құпия орталығын тауып, онда қару-жарақ, ақша, үгіт-насихат жүргізуге арналған әдебиеттермен бейне кассеталарды тәркілеген. Бұл хабарлама сәуір айында жарияланған, ал 30 мамырда Ош қаласында ваххабистер екі автобуска жарылғыш зат қойып, жарып жіберген. Осындай және осыған ұқсас терактілер Орта Азияда да көп кездесе бастады. Олардың орта Азиядағы ошағы Өзбекстан, Тәжікстан т. б. болып табылады. Пекин әлемдегі ең қауіпсіз астаналардың бірі еді. Бірақ, «терроризм жоқ қала» деген беделге үлкен нұқсан келді. Пекин қаласында көп адамдар жүретін көшесінде екі рет қолдан жасалған жарылғыш заттар жарылған.

Мамандардың айтуы бойынша Пекиндегі жарылыстарды Шыңжанмен байланыстырып отыр. Бұл теракт ұйғыр ұлтының сепаратистік тобымен байланысты. Олардың талабы солтүстік-батыс аймақты бөліп әкетіп, тәуелсіз «Шығыс Түркістан» мемлекетін құру болып табылады. Осы асырдың аяғында

Шыңжанда пайда болған радикальды мұсылман секталары дінді Қытайға қарсы қоюға пайдаланды. Оның территориясына басқа елден келген исламды жақтаушылар келіп кіре бастады. Ауғанстандағы «Талибан» қозғалысы инструктор ретінде партизандық-диверсиялық топтарға үйрету, жаттығу жұмыстарын жүргізеді. 1998 жылы КХР-ның ерекше аймағында тәртіпсіздік әрекеттерге от салған диверсиялық топтар болды. Әкімшілік шенеуніктерге де қастандық әрекеттер жасалған.

Тәуелсіз «шығыс Түркістан» мемлекетін құруда негізгі қаржылай көмекті Сауд Арабиясы және т. б. араб елдері беріп отыр. Оның ішінде Қытайдың жақтасы Пәкістанда бар. «Шығыс Түркістан» атты қоғамдық кеңестің Стамбулда тұратын төрағасы Саит Торамчи былай дейді: «Шыңжандағы Ислам мемлекетін құруда моджахедтер белсенді түрдегі Қытайға қарсы терактілерге көшуге әзір, бұл Пекинге жалғыз қарсы тұратын әрекет».

Діни экстремизмнің негізгі мақсаты қоғамның саяси-әлеуметтік діни мәселесіне ықпал етіп, діни мемлекеттік институттарды жақсартуға, жанұя т. б. сұрақтарды діннің араласуы арқылы шешуге негізделеді және діни экономиканы дамыту арқылы әлеуметтік әділдік жасауға жағдай жасау, сенушілерге материалдық жағдай жасау.

Бұл мақсаттарды өз жолында әртүрлі қиындықтарға және бағдардан айырылған адамдар діни көзқарасқа көптеп беріледі. Қазіргі экстремизм — өте тез дамып келе жатқан күш, сонымен қатар саяси үрдістегі жаһандануға альтернатива бола алады. Ол өз ықпалымен Орта Азиядағы көптеген мемлекеттердің оппозициялық топтарының жылжудағы негізгі күші болып табылады.

Діни экстремизмге қарсы тұратын күштер ретінде, Орта Азиядағы билеуші зиялы элитаны айтуға болады және әлеуметтік қатпарлардың кейбір топтары елді діни басқаруға қарсы шығады. Діни экстремизммен күресу үшін біздің елдер әртүрлі әдіс-тәсілдерге барып отыр. Мысалы: «Күштеу тәсілі және репрессиялық аппарат іске қосылып отыр». (Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Қазақстан). Бұл тәсілдердің дұрыс жақтары да бар және кері жақтары да бар.

Бір сөзбен айтқанда экстремистерге репрессиялық әдіс-тәсілдерді қолдану фундаментализмнің себеп-салдарын жоя алмайды. Сондықтанда ұзақ уақыт әлеуметтік-экономикалық шараларды қолдану керек. Бұл қолданыс елдің дамуына әсер етпеу керек және кереғар жағдайларды жоюға арналу керек. Бұл қадамдар көп уақытты және жоспарды, қаржы құюды талап етеді.

Көп ұлтты мемлекеттердің құлауы және әртүрлі саяси топтардың билік үшін күресі мұсылман радикалдарымен діни бағыттағы ұйымдарға жағдай жасайды. Көбінесе олар жақсы ұйымдасқан және бір қолға біріккен топ болып елдегі саяси жағдайдың белсенді субъектісіне айналды. Ал, кейбір жағдайда мемлекетті біріктіріп күшке айналу үстінде олар ұлттық және сепаратистік топтармен және ұйымдармен бірігеді. Кейбір авторлар өз еңбектерінде Ислам фундаментализмін дұрыс бағаламайды және Орта Азия елдері ислам ықпалына тақау тұр дегенді дұрыс түсінбейді. Мысалы: Тарих ғылымының докторы Г. И. Мирский былай дейді: «Ислам фундаментализмі алдында қорқыныш, үрейге берілмеу керек. Бірақ, ислаимзм бар және ол күш алып келе жатыр. Иран, Судан, Алжир де олардың билікке баруы мүмкін, Мысыр мен Түркияға да көз салуы үрей туғызбай қоймайды. Бірақ, біртұтас орталықтандырылған біртұтас Исламдық қозғалыс жоқ. Мароккодан Индонезия аралдарына дейін аралықты қамтыған мемлекеттердің /мұсылман/ қызығушылықтары әртүрлі және экономикалық деңгейлері өзгеше өзіндігі бар.

Сондықтан олар ұлттан жоғары тұратын біртұтас империя құра алады деген үрей бос мәселе.

Ислам басқада әлемдік діндер сияқты өз құрылымында әртүрлі ағымдары бар экстремистік, фундаменталистік түрлері бар дін. Ислам-бұл ерекше өркениеттің фундаменті. Исламды біз демократияға қарама-қайшы келетін тоталитарлық режимнің бір түрі деп қарастырмауымыз керек. Ислам фундаментализмі бізге қарай жылжып келеді деп дабыл қағу дұрыс емес сияқты. Ислам фундаментализмі дамыса онда Ресей өз бағыт-бағдарынан айырылады. Біз көп ұлтты мемлекет болғандықтан этникалық қақтығыстарға апарып соғуы мүмкін.

Бірақ, соңғы жыл сараптамалары бұл тұжырым қате екенін көрсетті. Ислам фундаменталистері Орта Азия республикаларына еніп кеткенін көрсетті, оның ішінде Ресейдегі, Шешенстан жағдайлары, Ташкент, Ресейдегі Сурхандарья, Қырғыстан, Өзбекстандағы жағдайлары олардың жоспарларының басқа мемлекеттерге баратынын көрсетіп отыр.

Көптеген авторлардың пайымдауы бойынша: «Ислам фундаментализмінің» етек жаюының басты себептері ретінде идеологиялық бағыт-бағдардың жойылуы, не социализмге емес, капитализмге емес түсініксіз бағытта бет алу, Адамдардың нашақорлық, жыныстық тәрбиенің жоқтығы, жанұялардың құлауы, мұсылман елдерінде күшті саяси демократиялық күштің болмауы, экономикалық реформалар сәтсіз аяқталуы т. б. жағдайлар мұсылмандардың әлеуметтік поляризациясын күшейтті. Батыстың мұсылман елдеріне еніп өзінің мәдени, саяси әлеуметтік түрін, өмір сүру салтының модельдеріне еліктеудің белең алуы т. б. жағдайлар. Ислам елдеріне өзінің әскери базаларын орналастырғысы келеді. Осындай жағдайлар батысқа қарсы пікірлерді туғызады.

Саясаттанушы К. Слямғазұлы: «Мемлекеттік заңның дұрыс болмауы ұйымдарды бақылауда кері әсерін тигізеді» дейді. Республика азаматтарын діни бағытта шетелде оқыту жақсы жүріп жатыр. Ислам дінінің ешқандай зияны жоқ, мәселе-ислам дінін қате түсіндіруде. Бұның бәрі кереғар салдар әкелуде. Мамандар қазіргі кездегі діни-саяси фундаментализмді оның ішінде Исламды қарастырғанда оның қауіптілігін, масштабын азайту үшін болатын күштеуді емес, фундаментализмнің ұлғаюына әсер ететін факторларды шешу керек.

2001 жылы 11 қыркүйекте болған жарылыстан кейін, әлемдік қауымдастық терроризммен варварлық әрекеттерді айыптайды.

Бейбітшілік халыққа бағыт алған террорлық әрекеттер бұл терактінің өте қауіпті екенін дәлелдеді. Бүкіл әлем бұл терроризммен күресу керек, бұл осы күні жаһандық проблемаға айналып отыр. Әлем жұртшылығы біртұтас жұмылып күресу керек.

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев былай дейді: «Әлемде болып жатқан оқиғаларды көрдіңіздер, соғыста біздің әкелеріміз бен аталарымыздың көп қаны төгілді, соғысып болдық деп ойладық. Қазіргі кезде қауіпті болып отырған-терроризм, сепаратизм, ұлтаралық қақтығыстар. Осылардың бірі, біздің елімізді сақтауға, оның дұрыстығын бұзуға ешкімге жол бермеуіміз керек. Ұлтаралық келісімді сақтап қалу арқылы, біз бүгінгі жағдайға жетіп отырмыз. Зеңбірек атқанда ғана шиеленіс басталмайды, ол бір адамның басында бір ұлт бір ұлттан жоғары тұру керек деген ойдан туындайды. Біз АҚШ-тың қайғысына ортақтасамыз. АҚШ әлемдегі ең күшті террористердің терактілеріне душар болды. Террорлық әрекеттен ешкім сақтандыру алған жоқ, сондықтан, бүкіл әлем болып терроризмге қарсы шығу керек. Қарапайым халық не үшін өлді? Біреудің бастаған ойынан, қылығынан өлді. Сондықтанда біз өте сақ болуымыз керек. Әртүрлі экстремистік, ұлтшылдық, шовинистік көзқарастағы адамдардан тайсалмай қарсы болуымыз керек. Біз осылай ғана үйімізде тыныштық сақтаймыз».

Біздің ойымызша діни фундаментализмнің халық арасында құрылуы мен таралу жолдарын шешу керек. Қазіргі таңда ішкі саяси мақсаттардың бірі болып Орталық Азия республикаларында азаматтық бейбітшілікті сақтау, ұлтаралық бейбітшілікті сақтау, территориялық бір тұтастықты, саяси тұрақтылықты сақтау керек. Бұл діни ағымдар біздің құндылықтарды жойып, ұлттық тәуелсіздігімізге нұқсан келтіреді. Көптеген елдердің дінді өзінің саяси экономикасының мақсаттарына пайдалануға жол бермеуі Ислам дінінің діни-саяси экстремистік топтары, тұғыры ретінде ислам фундаментализмін алдыға алды. Қазіргі кезде террорлық ұйымдардың ішінде, діни-саяси бағыттағы ағым ең қауіпті болып отыр. Діни-саяси, экстремистік топтар ішінде мынандай топтар үлкен қатер туғызады: «Мұсылман-бауырлар» /Египет, Сирия, Сауд Арабиясы/ Хезболлах /Ливан/. «Хамаз» /Палестина, Израиль/, «Қарулы Ислам тобы» /Алжир, Франция/, «Аль-джиһад аль-Ислами» /Иран/ «Хизб-ут-Тахрир /Ауғанстан, Сауд Арабиясы/ т. б. топтар бар және жеке террористар бар. Соның ішінде Осама бен Ладен т. б. бар. Ресей ғалымы Ю. И. Авдеевтің ай-

туынша: «діни фундаментализм» дегеніміз-қазіргі терроризмнің бір түрі, бұл әрекеттер діни желеумен іске асырылса да ол өз мақсаты ретінде саяси билікті қолға алғысы келіп тұрады. Бұндай терроризм түріне көбінесе ұлтшыл-экстремистер, діни саяси ұйымдар, әртүрлі конфессиональдық қозғалыстар жатады.

Діннің тарихи құндылығына көз салып, оның қоғамдағы беделін бүкіл адамзаттық рухани деңгейінде көтеру керек. Мысалы: «Мейірімділік, адамгершілік, қайырымдылық, мәдениеттілік және» т. б. Дін қоғамды осындай мақсатта тәрбиелесе, онда біздің демократиялық мемлекет болуымызға ешқандай нұқсан келмейді. Біздің діни мәдениетіміз, діни біліміміз дұрыс қалыптасалмай отыр, рухани жүйеміз орнына келмеген. Сондықтан бізде әртүрлі діни ағымдар өз үгіт-насихатымен айналысады. Біздің республикамызда мындаған діни бірлестіктер құрылып жатыр. Діни оқу орындары қайтадан орнына келіп жатыр. Дінге деген сұраныс еркін қоғамда айрықша көрінеді, бірақ қоғамда ол қарама-қайшылыққа толы. Конфессиялар арасында қарама-қайшылықтар өсіп келеді. Олардың өз жақтастарына таласы күшейді. Бұл жағдайдың асқынуына шет ел уағыздаушыларының миссионерлік қызметтері бірден-бір себеп болып отыр. Олар қомақты қаржы құю арқылы миссионерлік тәжірбиесі көп болғандықтан осындай істер арқылы Орта Азияда дәстүрлік діндерді артта қалдырып отыр. Конфессия аралық қайшылықтар қоғама қарсы іс-қимылы болма-сада, бәсекелестерін айыптау, жиындардағы қара сөздер қоғамда үрей туғызады.

Шет елдік діни миссионерлердің істері заңға қайшы келмесе де, қоғамда тұрақсыздықтық, адамдардың рухани жандүниесін, санасын жаулап алу салдары бар. Орта Азияда белсенділік танытып отырған «Ваххабизм» қозғалысы белең алып отыр. Бұл қозғалыс экстремизмді өзінің әдіс-тәсілі ретінде қолданады.

Бұл діни идеология Мұхаммед ибн Абу әл-Уаһхабтың атымен байланысты. Бұл исламдық ағымды Сауд Арабиясының өте бай жанұялары қаржыландырып отырған. Исламдық ағымның бұл бағытын тарату әлемнің түкпір-түкпірінде бет

алды. Бірақ, олар жергілікті ислам басшыларының үзілді-кесілді қарсы болуына әкеп соқты. Бұл ілімді тарату бойынша жасалған іс-шаралар сәтсіз аяқталды. Жергілікті билік радикалды-ваххабистердің бұл ісі қоғамның ішкі саяси тұрақтылығын шайқайды деді. Кейбір Таяу Шығыс және Орта Азия елдері Ресей және ТМД мемлекеттерінде азаматтық соғыстың тұтанғанын қалайды. Сол мақсатқа жету үшін қаржылай көмекті экстремистік қозғалыстар аямады.

Бұқаралық ақпарат құралдарында радикалды исламды және дәстүрлік емес христиандық конфессияларды жазу белең алды. Қазақстан азаматтарының «ваххабизм» идеяларын таратуда заңсыз әрекеттері әшкереленді. Түркістан қаласының 1500 жылдық мерекесі үстінде Қазақстанның оңтүстік аймақтарында Хизбу-Тахрир атты экстремистік топтардың ізбасарлары қолға түсті. Олардың филиалдары Тараз бен Кентау қалаларында бар екені анықталды. Оларды қолға түсіру кезінде қоймалардан қару-жарақ, экстремистік үлгідегі әдебиеттер мен үндеулер тәркіленген. Мемлекеттегі саяси режимге қарсы бас көтеру және қасиетті соғыс «жиһад» жүргізу керек деген үндеу тасталған. Олармен қатар басқада экстремистік топтар қолға түскен. Осыдан барып мынандай қорытынды айту керек: Осы жағдайларды ескере отырып, мемлекетімізде бейбітшілік, тұрақтылық, қауіпсіздікті алдына алу мақсатында саяси жүйеге жаңа жоспар, бағыт-бағдар қажет. Соңғы жылдарда саясат пен дін арасында көптеген жанаспайтын пікірлер айтылып жүр. Оның бәрін прогрессивті көзқарас деп есептемеу керек. Мысалы: кейбіреулер өсіп келе жатқан жаңа буынды діни тәрбиеге беру керек дейді, егер біз халқымызға дін керек болса, жастарды рухани деградациядан сақтағымыз келсе, онда бізге дінді жақсы білетін діни басшылар керек. Республикалық имамдардан бастап, аудандық имамдар халыққа жиі шығып үгіт-насихат жүргізу керек. Мұсылмандар тұратын бүкіл жерлерде мешіттер ашылуы керек. Уақыттың талабына сай діни қызметкерлер жастар арасынан шығу керек. Олардың жетіспеушілігінен сауатсыз молдалар ауылдарды басқарып отыр. Имамдардың жоғарғы білімі болуы қажет. Мешіттер, діни мінажат жасайтын орындар мемлекет қадағалауында болу к-

рек. Халықаралық кейбір қозғалыстар өз мақсаттарын Ислам-дық желеумен Орта Азия, Қазақстанда орнатқысы келеді. Дінді көптеген елдер өз мақсаттарына пайдаланғысы келеді. Ендеше қорғаныс және қауіпсіздік салаларында біз тек әскери шараларды ғана емес, сонымен қатар діни экстремизммен күрес шарасын жақсартуды алдыға қоюмыз керек.

Мысалы:

6. Орта Азия республикаларының дінге байланысты саясаты дінге деген көзқарасты жоғалтпау және тым асыра дәріптемеу. Заң мен Конституция арнасында ғана болуы керек.

7. Дінге арналған саясатта зиялы мемлекетті құруға күш салу керек.

8. Халық арасында діни экстремизмді алдына алу бойынша ғылыми көзқарасы керек.

9. Бұқаралық ақпарат құралдарын діни фундаментализмнің қол шоқпарына айналудан сақтау керек.

10. Діни фундаменталистер өзінің тазалығын сақтауға ғана емес, сонымен қатар «есірткі заттарды тасуға, аймақтағы билікті басып алуға, Каспий аймағындағы экономикалық қызығушылықты өз мақсатына пайдалану үшін жоспар қояды». Діни фундаменталистерді тауып, олардың орталықтарын жабу керек. Дінді басқада, өз мақсаттарына пайдалануға жол бермеу керек. Осы мақсатта халықтың бірлігі болған дұрыс.

11. Халықтың діни санасын, діни білімін көтеру керек. Мектептерде және жоғарғы оқу орындарында «Дінтану» пәнін енгізу керек. Бұл пәнді енгізу қазіргі өмір талабынан туындап отыр.

Қазақстан өз құрылымы бойынша көп ұлтты және әр түрлі діни конфессиялар мекен еткен мемлекет болып табылады. Еліміз өз құрылымы жағынан зайырлы мемлекет, сондықтан ұлттық және діни факторлардың әсерінен қарым-қатынасы дұрыс болғаны жүргізіліп отырған салиқалы саясатымыздың негізі болып табылады. Осыған орай біздің елімізде азаматтардың сенім-нанымына және діни дәстүрлерді орындауына заң бостандық және кепілдік береді.

Соңғы жылдарда әлемдегі оның ішінде Орта Азия мен Қазақстандағы дінге байланысты жағдайлар туралы әртүрлі

Бұқаралық ақпарат құралдарында мәліметтемелер мен мақалалар жариялануда. Бұл мақалалар мазмұны бұрынғы КСРО елдерінде белең алған ислам фундаментализімі жайында болып отыр. Кейінгі кездері бұрынғы КСРО елдерінде үкімет билігін құлатуды мақсат тұтатын, ислам құрлымында әртүрлі ағымдар бар екені сөз болып жүр.

Исламның атын жамылып террорлық әдіс-тәсілдерге сүйенген халықаралық ұйымдар қауіпі көрінуде. Сондықтан көп мемлекеттер біріккен шаралар ойластыруда. Ресейдегі, Тәжікстандағы, Өзбекстандағы, Қырғызстандағы болып жатқан жағдайлар бізді алаңдатууда. Бұл проблема қазіргі себеп-салдарға орай, ғылыми түпкілікті зерттеулерді қажет етеді.

Кейінгі кездері ислам ағымының бір тармағы Ваххабизм жөнінде әртүрлі көзқарастар бар. Ислам тарихына үңілетін болсақ Ваххабизм негізін салушы және басты идеологы болып ХҮІІІ ғасырда өмір сүрген ислам ғалымы Мұхаммед ибн Абу әл-Уаһхабтың атымен байланыстырады. Бұл қозғалыс ислам тазалығын сақтауға шақырады. Исламның бұл ағымын Сауд-Арабиясындағы ауқатты жанұялар қаржылай көмек беріп отырғаны белгілі. Ваххабизм уағыздаушылары ислам елдерінің бәріне жіберілді, бірақ бұл идеяларды таратуда олар жергілікті билік басындағыларынан үлкен қарсылыққа тап болды. Жергілікті билік басындағылар бұл идеяларды үкіметті құлатуға бағытталған дін деп қуғынға ұшыратты.

Бертінге дейін бұл идея бұқаралық түрде дамыған жоқ. ХХ ғасырдың екінші жартысында бұл идея теориялық және практикалық түрде белең алды. Оны мысалы ретінде Иран ислам республикасының құрылуы және Пәкістанның ислам идеологиясына бет алды.

Қазақстанда әр түрлі мұсылман елдерінен келген миссионерлер бар. Мысалы: Сауд Арабиясы, Пәкістан, Түркия т. б. Шет елдік миссионерлердің жұмыстары біздің заңға қайшы келмесе де, ол өзінің артында әр түрлі кереғар пікір туғызуда. Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің мамандарының пікірінше: «Біздің елге шет елден келген уағыздаушылар мен миссионерлер қаптап кеткен, олардың мақсаты өз діни-мистикалық ілімдерін тарату. Осындай қауіптерден біз қалай құтыламыз?»

Қандай шаралар қолдануымыз керек? Ең біріншіден проблеманың себеп-салдарын, қайшылықтарын зерттеу керек. Бұл қозғалыстардың басшыларын құрту ештеңе бермейді. Идея тірі болса, оны арнаға салатындар қайталана береді. Тағы бір көтеретін мәселе бұл егер радикальды діндер белең алса, оған екінші Үндістан, Алжир мемлекеттерінің кебін кимеуге кім кепіл. Үкімет дінге деген көзқарасын өзгертіп, сен тимесең мен тиме деген саясатты басқа арнаға түсіргені жөн. Басқада жас буынның басын айналдыратын діндерге заң мен тиым салу керек. Қазақстан өзін демократиялы және зайырлы мемлекет деп жарияласа да, өз мүддесі үшін көптеген мистикалық діндерге шек қоюы керек және біздің ойымызша осыны депутаттар арасында парламентте талқылайтын уақыт жеткен сияқты. Өсіп келе жатқан жастарға бағыт беріп, діни мәдени көзқарасымызды реттеу керек. Екіншіден осы мәселелерді айқындай келе билік пен халық арасындағы қарым-қатынастың негізгі реттеуші күші билік болып табылған жөн. Соңғы кездері жекеменшік мешіттер қаптап кетті, бұл мешіттердің өзінің арнайы жекеленген қауымдастықтары бар. Сол себептен мешіттер жеке меншік болғандықтан оның ішінде болып жатқан үрдістерге, уағыздарға және идеологияға мемлекеттік қадағалау органдарының қатысуы шектеулі ғана болып отыр. Сондықтан жеке меншік мешіттерді мемлекет тарапынан бақылауға алған жөн. Діннің тарауы халық үшін оның ішінде жасатар үшін имандылыққа шақырудың негізгі көзі. Бірақ дініміз бейбітшілік арнадағы ағымымен ақса еліміз үшін нұр үстіне нұр болар еді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ислам дінінің әлем өркениетіне қосқан үлесі де өте көп. Көптеген ғалымдар діни философия тұрғысынан трактаттар жазып, соның негізінде әлем дамуына өздерінің үлкен үлесін қосқан Ибн Сина, Әл Авгани, Әл Жауһри, Жүсіп Баласағұни, Әл Фараби сияқты ойшылдар бар.

Қазақстан өз құрылымы жағынан көп ұлтты әр түрлі діндер мекен еткен ел болып табылады. Біздің негізгі құндылығымыз ұлттармен, әр түрлі діндер арасындағы бірауыздылық. Ал дінге, оны көтеруге деген ықылас ерекше көрінуде, біздің Ата заңымызда жазылғандай дінге деген шектеу жоқ. Сондықтан әрбір Қазақстан азаматы дінге сенуге, құлшылық жасауға немесе құлшылық жасамауға еркі біледі. Қазіргі уақытта ислам дініне деген көзқарас ерекше, оның негізгі белгілері ауылдар мен қалаларда мешіттердің көптеп ашылуы, жастарда ислам шарттарымен жүруі және т. б.

Ислам діні жалаң дін емес, ол ілім. Онда математика, техника, философия анық жазылмаса да, олардың ілім болып қалыптасуына алғышарттар көрініс табады. Ислам діні тәрбие мәселесі, жастарды тәрбиелеу проблемасына үлкен көңіл бөледі. Жастарға діни білім беру, олардың діни мәдениетін қалыптастыру қандайда бір дінге үгіттеу, кіргізу емес. Жалпы діни білімі бар адам ешқандай жалаң дінге бет бұрмайды. Ол өз рухани жолын өзі тандай алады.

Жастарды қоғамымыздың негізгі қозғаушы күші ретінде есепке алып, дамыған елдердің көбісі иек артқан басты мәселе деп есептейміз. Соның ішінде еліміз болашақта жастарға көп үміт артады. Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев болашақта «интеллектуалды ұлт» болу керек деген тұжырымды алдыға қояды.

Ислам дінінің ешқандай зияны жоқ, мәселе-ислам дінін қате түсіндіруде. Дін мен мемлекеттің іргесі ашық болуы мүмкін емес. Дін деген азаматтық қоғам институты болса, азаматтық қоғам институттарының да мемлекетпен байланысы

бар. Кез келген діндегі адам мемлекеттік қағидаларға да жүгінеді, ол мемлекет ісіне де араласады.

Сонымен қатар біз осы оқу құралында Ислам фундаментализмінің пайда болып дамуына әсер еткен факторларды да қарастырдық. Бүгінгі таңда Ислам фундаментализмі, экстремизмі, терроризмі негізгі глобальды мәселердің бірі болып табылды. Бұл проблеманы зерттеу әлі жүргізілуде. Біз алға қойған міндеттерді ғылыми зерттеулер арқылы зерттеуге ден қойдық. Ғылыми әдебиеттер мен мерзімді басылымдарды және діни кітаптарды негізге ала отырып біз Ислам және Ислам фундаментализмі ұғымын, тарихын жеке қарастырдық. Жұмыс барысында алға қойған міндеттерді нақтылауда біршама қиындықтар кездесті. Кейбір ғылыми әдебиеттерде әр түрлі тұжырымдар болуымен, ал кейбіреулері терең зерттеу таппай жарияланғанына байланысты болып отыр. Көп еңбектер эмоциональдық пікірде жазылған.

Республикадағы қазіргі жағдайға байланысты үкімет өз саясатын нақтылау керек. Осы мәселе жөнінде көптеген Бұқаралық ақпарат құралдарында әртүрлі пікірдегі ғылыми мақалалар жарық көруде. Осыларды терең зерттеп, бір қорытынды шығарып, біржақты пікірге келсе деген ойдамыз. Көптеген мақалаларда мұсылмандар мен жасалған қылмысты, Ислам фундаментализміне әкеп тірейді. Бұл құбылыстың табиғатын зерттеу керек, экстремистік топтармен байланысқа түсіп, келіссөз жүргізіп, жолдар, әдіс-тәсілдер қолданып бұл проблеманы шешу керек. Қанау операциялары кері ушығуға итермелейді. Сондықтан бұл айнаымалы процеске айналып кетуі мүмкін.

Ең алдымен біз бұл проблемалардың себеп-салдарын, қайшылықтарын зерттеуіміз керек. Бұл қозғалыстардың басшыларын құрту ештеңе бермейді. Идея тірі болса, оны арнаға салатындар қайталана береді. Тағы бір көтеретін мәселе егер қоғамымызда радикальды діндер белең алса, оған екінші Үндістан, Алжир мемлекеттерінің кебін кимеуге кім кепіл. Басқада жас буынның басын айналдыратын діндерге заң мен тиым салу керек. Қазақстан өзін демократиялы және зайырлы мемлекет деп жарияласа да, өз мүддесі үшін көптеген мисти-

калық діндерге шек қоюы керек және біздің ойымызша осыны депутаттар арасында парламентте талқылайтын уақыт жеткен сияқты. Өсіп келе жатқан жастарға мәдени бағыт беріп, діни мәдени көзқарасымызды реттеу керек.

Біздің елде Ислам дінінің ата-бабаларымыз ұстанған бейбітшілік, тәрбиелік ағымы болса деген үміттеміз. Бұл оқу материалында осындай аса күрделі мәселені жан-жағынан қамту мүмкін емес және бұл проблема көптеген көзқарастарды туғызады. Бүгінде қоғамның діни тұрмысында модернизм мен фундаментализмнің басты тенденцияларға айналып бара жатқаны өмір шындығы. Бұл тенденциялар дін мен саясаттың қатынасынан айрықша көрінеді. Діни тұрмыстың өз ішінен жалпы әлеуметтік позициялар мен модернистік немесе фундаменталистік позициялардың арасындағы белгілі байланыс аңғарылады. Осындай жағдайда діннің идеологиялық тұрғыдан қауіпті дертке айналып кетуі де мүмкін. Сөзімізді негіздесек: «Ислам фундаментализмі» проблемасы ХХ ғасырдан аттап, ХХІ ғасырға адамзат өркениетімен аяқ басты. Болашақты әр түрлі жағдайларға байланысты болжау өте қиын. Ол үшін осы зерттеу әрі қарай, жағдайға байланысты ғылыми зерттеу жүргізуді талап етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. — Алматы, 1995.
2. Діни сенім, бостандығы және діни бірлестіктер туралы Қазақстан республикасының заңы. — Алматы, 1992.
3. Назарбаев Н. Ә. Сындарлы он жыл. — Алматы: Атамұра, 2003.
4. Трофимов Я. Ф., Нұрмағамбетов Б. Ғ. Қазақстандағы діни ағымдар. Анықтамалық құрал. — Қарағанды, 2006.
5. Есім Ғ., Артемьев А., Қанаев С., Біләлова Г. Дінтану негіздері. — Алматы, 2003.
6. Тәжікова К. Х. Ислам: дүние таным, саясат. — Алматы: «Қазақстан», 1989.
7. Ислам. Энциклопедия. Бас редактор Р. Нұрғалиев— Алматы: «Қазақстан энциклопедиясы» Бас редакциясы, 2000.
8. Мұхамед пайғамбар, өмірі мен қызметі. — Алматы, «жазушы» 1991.
9. Шалабаев Ж. А. Феномен экстремизма и терроризма в контексте политико-идеологических аспектов системообразования национальной безопасности РК. — Караганда, 2007.
10. Ключников Б. Исламизм, США и Европа: Война объявлена. — М, 2003.
11. Сиван Эммануэль. Радикальный ислам и терроризм. // Кожушко Е. Современный терроризм: анализ основных направлений. — Мн., 2000.
12. Құдайбергенов М. Джихад по узбекски или о терроризме в Центральной Азии // Казахстанская полиция. — 2000. — № 9.
13. Карин Е. Т. Терроризм. // Саясат — 2000. — № 5. — С. 23-27.
14. Сатпаев М. И. Безопасность Казахстана // Саясат. —1999. — № 7. — С. 14-20.

15. Жданов В. И., Игнатеико С. В. Ислам на пороге XXI века. —М: Политиздат, 1989. — С. 238.
16. Крачковский С. М. Коран. — М, 1991. —567 с.
17. Степонянц М. Т. Историческая судьба суфизма.// Вопросы философии. —М., — № 6, — 1980. — С. 38-46.
18. Прозорова С. М. Ислам. — М: Наука, 1991. — 780 с.
19. Васильев А. М. Ислам в восточной Центральной и Южной Америке. — М.: Наука, 1991. — 451 с.
20. Игнотенко А. В. Ислам на пороге XXI века. —М.: Политиздат, 1989. — 341 с.
21. Климович Л. И. Құран туралы шындық. —Алматы: Қазақстан, 1990. — 311-бет.
22. Касенов У. Т. Безопасность Центральной Азии.// Алматы: Ун-т «Кайнар», 1998. — 260 с.
23. Сатпаев Д. А. Центральная Азия в объятиях экстремизма. // Саясат. — № 8. — 1999. — С. 26-30.
24. Жусипов Б. С. Угроза «Исламского фундаментализма». // Саясат. —№ 12. — 2000. — С. 28-33.
25. Жусипов Б. С. Политика борьбы с религиозным терроризмом в Центральноазиатском регионе. // Саясат. —№ 7. — 2001. — С. 23-36.
26. Шарипова Р. М. Панисламизм сегодня. — М.: Наука, 1986.
27. Александров Т. И. Исламский фактор в подрывной стратегии. — М.: Мысль, 1986.
28. Коровников А. В. Исламский экстремизм сегодня. — М.: Политиздат, 1990. — 68-бет.
29. Справочно-методическое пособие по вопросам религии для государственных служащих. — Астана, 2008.
30. «Дiң және кұқық» Ақпараттық бюллетень, «Религия и право» Информационный бюллетень. — Астана, 2007.
31. «Қазақстан республикасындағы конфессиялық қатынастарды үйлестiру» республикалық ғылыми конференциясы, — Өскемен қаласы, 2007. 22-23 мамыр.
32. «Қазақстан республикасындағы конфессиялық қатынастарды үйлестiру» (Аймақтық ғылыми конференциясы). — Шымкент, 2007. 19-21 наурыз.

ИСЛАМ ЖӘНЕ ИСЛАМ ФУНДАМЕНТАЛИЗМІ

*Бүркүт Ғалымұлы Нұрмағамбетов
Ербақыт Мұхаметқалиұлы Баймұханов*

Техникалық редакторы: *Г. Қ. Омарова*

Теруге 01.10. 2010 ж. жіберілді. Басуға 14. 10. 2010 ж. қол қойылды.

Шартты баспа табағы 4,5. Қалыбы 60x84^{1/16}.

Қағазы газеттік. Басылымы 500 дана. Тапсырыс № 745

Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы
Қарағанды заң институтының баспаханасында басылды.

Қарағанды қаласы, Ермеков көшесі, 124